

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ЕСҚАЛЫ НҰРҒАЗЫ ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ҚЫЛМЫСТЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ: ҚАЗІРГІ
ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға
диссертация

Ғылыми жетекші:
жалпы заң пәндері
кафедрасының профессоры,
А.Ш. Ещанов
заң ғылымдарының докторы,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық зерттеу көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының бірі ретінде кешенді түрде талдауды қарастырады. Зерттеу барысында осы институтты реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, шетел тәжірибесіне талдау жасалып, қазіргі құқықтық жағдайындағы заңнамалық және практикалық мәселелері анықталды. Жинақталған мәліметтер негізінде оларды шешу жолдары мен заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленді.

РЕЗЮМЕ

Диссертационное исследование предусматривает комплексный анализ меры лишения права управления транспортным средством как одной из форм иного уголовно-правового воздействия. В рамках исследования был проведён анализ нормативно-правовых актов, регулирующих данный институт, а также зарубежного опыта. Выявлены законодательные и практические проблемы, существующие в современной правовой системе. На основе собранных данных разработаны пути их решения и предложения по совершенствованию законодательства.

SUMMARY

The dissertation research provides a comprehensive analysis of the deprivation of the right to drive a vehicle as one of the forms of alternative criminal-legal measures. The study includes an analysis of the normative legal acts regulating this institution, as well as international practices. Legislative and practical issues within the current legal system have been identified. Based on the collected data, solutions to these problems and proposals for improving the legislation were developed.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ	
1.1 Өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шарасының белгілері мен ұғымы.....	11
1.2 Отандық қылмыстық заңнама тарихында көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы және оның қазіргі құқықтық жағдайы.....	19
1.3 Кейбір шет елдердің заңнамасы бойынша көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының қолдану тәжірибесі.....	28
2. КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын тағайындауға негіз болатын шарттар.....	41
2.2 Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының орындалу тәртібі.....	49
ҚОРЫТЫНДЫ.....	61
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	64
ҚОСЫМША.....	71

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҚК	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК	Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі
ҚР ЖСНҚ	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы
ҚазССР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық әрекеттерден қорғау, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолданылатын қылмыстық-құқықтық шаралар мемлекеттің заңды ықпал ету құралдарының бірі. Бұл шаралар қоғамдағы тәртіпті сақтап, құқықтық жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болып қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар кез келген әрекет немесе әрекетсіздік танылады [1].

Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары нақты уақыт жағдайларымен және қоғамның даму деңгейімен тығыз байланысты. Бұл мемлекеттің экономикалық жағдайына, қоғамда қалыптасқан моральдық нормаларға, сондай-ақ сол кезеңге тән құқықтық идеологиялық көзқарастарға негізделеді.

Қазіргі уақытта қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының дамуы қоғамның өзгеріп жатқан динамикасына сәйкестігі өте маңызды, соның ішінде қылмыстық саясаттағы гуманизмнің дамуына. Осы ретте қылмыспен күресудің мәні мен механизмдерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе тек қана қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазалау емес, сонымен қатар оларды болдырмау бойынша тиімді өзге де шараларды қалыптастыруға мүмкіндік беру. Ал, оларды әзірлеу және қолдану адамның, азаматтардың және қоғамның мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін мұқият талдауды талап етеді.

Ескерілуге жататын мән-жайлар негізге алына отырып, талдау кең көлемде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте адамның конституциямен кепілдендірілген құқықтарын шектемей, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс.

Жаза институты пайда болғалы өзінің нақты әсер ету механизмдерінің негізінде қарқынды даму сатысында болды. Соңғы уақытта мемлекет гуманизм қағидаттарына сүйене отырып, құқық бұзушыларға жеңіл әрі тиімді ықпал етудің балама тәсілдерін кеңінен қолдануға мән беруде, осыған байланысты отандық қылмыстық саясатта өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына назар аударылуда.

1997 жылғы 16 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасы ҚК-де құқық бұзушыларға қолданылатын қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының ауқымы кеңейтілді. ҚР ҚК 2-бабының 2-бөліміне сәйкес, жазамен қатар алғаш рет «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» ұғымы қолданысқа енгізілді [2].

Алайда, қолданыстағы ҚР ҚК-де бұл атау сақталса да, аталған институт қазіргі уақытқа дейін жеке институт қатарында толыққанды дами алған жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазанда «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығының 4.10-тармағында қылмыстық заңнаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін қосымша жазаларды қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына трансформациялау тапсырылды [3].

Тапсырма шеңберінде қосымша жазаларды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын трансформациялау аталған институттың одан әрі дамуына ықпал етіп, қолданыстағы заңнамада қосымша жазаларды тағайындау және орындау барысында туындайтын олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, көлік құралын басқару құқығынан айыруды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде ерекшеліктерін, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің құқықтық тәжірибесін кешенді зерделеу, осы саладағы теориялық мәселелерді анықтап, терең талдау арқылы оны жетілдіру қажет.

Жоғарыда көрсетілген мәселеге байланысты зерттеу тақырыбы өзекті, әрі оның шешімін табу осы саладағы құқықтық қатынастар үшін, яғни құқық бұзушыға қатысты өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыруды қолдануды реттеу маңызға ие болып табылады.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Көлік құралын басқару құқығынан айыру – өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде құқық бұзушыға тиімді әсер етуге бағытталған. Бұл әдіс белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаны қолдану мүмкін болмаған жағдайда, орындау барысында туындайтын олқылықтарды жоюға және құқық бұзушылықтың қайталануына жол бермеу мақсатында қылмыстық заңнаманың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мәселен, аталған институттың ұғымы, белгілері, құқықтық реттеу мәселелері қылмыстық заңнамамен нақтыланбауы салдары оның құқықтық жағдайын анықтауға кедергі келтіреді.

Одан бөлек, жаза институтының қолданылу шеңберінің шектеулі болуына орай, көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату жағдайында қылмыстық заңнамада көзделген мақсаттарға қол жеткізуге ықтималдығының төмендігін көрсетті.

Сондай-ақ, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу түріндегі қосымша жазаны өтеу тәртібін бұзуға байланысты заңнамалық жауапкершіліктің болмауы, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралының мақсатына жетуге кедергі келтіреді.

Бұл мәселелер жан-жақты және нақты талдауды талап етеді. Қылмыстық заңнама нормаларын дұрыс әрі біркелкі қолдану үшін принциптерді негізге ала отырып, құқық бұзушыны қоғамнан оқшауламай, жеңіл әрі тиімді құқықтық ықпал ету шараларын айқындау қажет.

Көлік құралын басқару құқығынан айыруды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде енгізу – аталған кемшіліктердің орнын толтырып, бұл институттың одан әрі дамуына оң әсерін тигізеді деп есептейміз.

Зерттеу тақырыбының ғылыми әзірлену деңгейіне келсек, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралар тақырыбын А.Т. Байсеитова, А.Н. Нурболатов, С.А. Корнеев, В.А. Васильев, Н.Ю. Скрипченко, Л.Ю. Ларина және басқа да ғалымдардың қарастырған.

Дегенмен, аталған зерттеулерде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыруды қарастырылмайды. Осы негізде, біздің зерттерудің ерекшелігі танылады.

Зерттеу мақсаты. Қылмыстық заңнаманы құқықтық регламенттеу және қылмыстық құқықтық ықпал етудің өзге де шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыруды қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыруды құқықтық реттеудің қылмыстық-құқықтық аспектілерін зерттеу;

2. Көлік құралын басқару құқығынан айыру өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының бірі ретінде реттеу мәселелеріне қатысты шет мемлекеттердің тәжірибесін талдау жүргізу;

3. Қылмыстық заңнаманы құқықтық регламенттеу және қылмыстық құқықтық ықпал етудің өзге де шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыруды қолдану практикасы мәселелері бойынша жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Қылмыстық заңнаманың мақсаттарына жету үшін құқық бұзушыға көлік құралын басқару құқығынан айыруды өзге де құқықтық ықпал ету шарасының бірі ретінде қолдануда туындайтын құқықтық қатынас.

Зерттеу тақырыбы. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасын құқықтық реттеу негіздері мен тәртібін реттейтін қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару нормалар және шетел мемлекеттерінің тәжірибесі құрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу үдерісінде танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері пайдаланылды, соның ішінде: тарихи-құқықтық талдау, салыстырмалы-құқықтық зерттеу, логикалық және статистикалық талдау тәсілдері қолданылды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеу Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген өзге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыру институтын жан-жақты және кешенді түрде талдауға бағытталған.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ұғымына келесідей авторлық анықтама берілді: Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және қылмыстық заңда көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты құқықтары мен бостандықтарынан қылмыстық заңда көзделген негіздерде шектеу болып табылады.

Сонымен қатар, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралар институтының құқықтық реттеу мәселесін шешу аясында қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесідей толықтыру енгізуді ұсынамыз.

ҚР ҚК «Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ұғымы мен оның мақсаттары» атауында жаңа 90-1 бабымен толықтыру ұсынылады:

1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және осы Кодексте көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген негіздерде шектеу болып табылады.

2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары сотталған адамды түзеу, емдеу, тәрбиелеу, салдарын жою және осы Кодексте көзделген жағдайлар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамды жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Өз кезегінде, ұсыныс аталған институттың дамуына мүмкіндік береді және тәжірибеде туындайтын проблемалық аспектілерін азайтады.

2. ҚК-нің 98-4 бабымен «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» атауында және келесідей мәтінде толықтыру ұсынамыз:

1. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

<...>.

Осы Кодекстің 345-1-бабының төртінші бөлігінде және 346-бабында көзделген көліктік қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұрады.

3. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

4. Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға жазасымен қатар өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі бас бостандығынан айыру, қамаққа алу өтелген кезден бастап есептеледі. Жазаның басқа түрлеріне өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

3. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ақталмайтын негізде қылмыстық жауаптылықтан босату мәселесін шешу аясында қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

ҚР ҚК-нің 68-бабының атауын «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату» мәтініне өзгерту және аталған бапты 3-1-бөлігімен толықтыруды ұсынамыз:

«Қылмыстық жазадан босату кезінде көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығына тыйым салу шарасы қолданылады».

Аталған толықтыруларды қылмыстық заңнамаға енгізу қылмыстық құқықтың міндеттерін тиімді жүзеге асыруға және осы шараны қолдану барысында тәжірибеде туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

4. Техникалық құрылғыларды пайдалану тұрғысынан «Ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау жүйесін орнату» АҚШ, Германия, Нидерланд, Франция, Финляндия, Жапония және Швеция мемлекеттерінің озық тәжірибесін алып, елімізде аталған құқық бұзушылықтармен күресте қолдану ұсынылады.

Көлік құралдарына міндетті техникалық талап қатарында ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау жүйесін орнату – тек құқық бұзушылықтың салдарымен күрес қана емес, сонымен бірге оның алдын алу бағытында да тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығын және олардың орындалуын қадағалау қызметінің практикалық жұмысына енгізілді.

1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығынан айырудың құқықтық мәні

1.1 Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының белгілері мен ұғымы

Алғаш отандық қылмыстық заңнамада өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету институты қылмыстық жауаптылықтың түрі ретінде 1997 жылы 16 шілдеде қолданысқа енгізілді.

Жаза институтына қарағанда өзіндік белгілерімен ерекшеленсе де, аталған институт қазіргі уақытқа дейін жеке институт қатарында толыққанды дами алған жоқ. Оған дәлел институттың ұғымы мен түрлерінің қазіргі уақытқа дейін нақтыланбауы.

Кейін мемлекет тарапынан жаза институтына балама ретінде құқық бұзушыға жеңіл, әрі тиімді ықпал ету шараларын кеңінен қолдануға баса назар аудары бастады. Мысалы, 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы негізінде ҚР ҚК-нің 7-бөлімі «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» атауымен ауыстырылуы дәлел [5].

Дегенмен, жаңа толықтырулар институттың дамуына өз үлесін қосқанымен оның құқықтық жағдайына қатысты бірқатар сұрақтарды тудырды. Себебі, жаңа толықтыру ұғымы нақтыланбаған институттың дамуына елеулі әсер ете алмады.

Қазақстан Республикасы Президентінің қылмыстық заңнаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін, қосымша жазаларды қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына трансформациялауды жүзеге асыру тапсырмасын орындау, аталған институттың одан әрі дамуына ықпал етеді. Ал, институттың ерекше белгілерін қолдану, қылмыстық заңнамада қосымша жазаларды тағайындау және орындау барысында туындайтын олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Зерттеліп отырған институттың ұғымын нақтылағанды бұрын, жаза институтының ұғымы мен түрлеріне қысқаша тоқталған жөн. Себебі бұл институттар құқық бұзушыға әртүрлі ықпал етсе де, екеуі де қылмыстық құқықтың мақсаттарына жетуге бағытталған қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралар болып табылады.

Қылмыстық заңнама мақсатына жету жолында жаза институты өзінің нақты және әсерлі механизмдері негізінде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының басты құралы болып табылды және жеке институт қатарында даму жоғары сатыда жүрді.

Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада жазаның екі түрі қарастырылған: негізгі және қосымша. Қосымша жазалар өз кезегінде келесі түрлерге бөлінеді: 1) мүлікті тәркілеу; 2) арнайы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шендерден, дипломатиялық дәрежелерден, біліктілік санаттарынан және мемлекеттік наградалардан айыру; 3) белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3-1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру; 4) шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу.

Құқықтық-идеологиялық тұрғыдан алғанда, жаза институтының тиімділігіне байланысты балама құралдарға жеткілікті негізде назар аударылмады. Кейіннен қоғамда құқық бұзушыларға жеңіл әрі тиімді ықпал етудің балама тәсілдерін кеңінен қолдану қажеттілігі артып, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын кеңейтуге ерекше көңіл бөлінді.

Жаза қылмыстық-құқықтық ықпал етудің негізгі түрі болғанымен, оның қолданылу аясы белгілі бір негіздер бойынша шектеулі болып табылады. Бұл өз кезегінде заңнаманың негізгі мақсатына қол жеткізуде құқық бұзушыға ықпал ету тетіктерінің шектелуіне алып келді. Салыстырмалы құқықтық талдау тұрғысынан алғанда, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары құқық бұзушы тұлғаға әсер етудің дәстүрлі жазалау тәсілдерінен тыс, анағұрлым икемді әрі жан-жақты жолдарын ұсынады. Мұндай шаралар тек жазалауға емес, сонымен қатар құқық бұзушыны оңалтуға, оның қоғамға бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған. Бұл ретте қылмыстық саясаттың репрессивтік сипаты екінші орынға ысырылып, профилактикалық және әлеуметтік-құқықтық мақсаттарын басымдыққа алады.

Жалпы алғанда, жаза – қылмыстық жауаптылық туындаған кезде қолданылатын қатаң құқықтық реакцияның түрі. Ал өзге де ықпал ету шаралары қылмыстық жауаптылықпен тікелей байланысты болмаған жағдайда да қолданылуы мүмкін. Мәселен, мұндай шаралар жазадан немесе жауаптылықтан босатылған, бірақ қоғамға әлеуетті қауіп төндіруі ықтимал адамдарға қатысты да жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, мүлікті тәркілеу – қылмыстық жолмен алынған табыстарды мемлекет пайдасына тәркілеу арқылы құқық бұзушының заңсыз баюының алдын алуға бағытталған. Бұл шара экономикалық сипатта болғанымен, оның түпкі мақсаты – заңсыз мүліктік артықшылықты жою.

Сондай-ақ, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары кеңінен қолданылады. Бұл психикалық ауытқуы бар немесе алкоголизм мен нашақорлыққа шалдыққан тұлғаларға қатысты қолданылатын құқықтық тетік.

Мұнда басты назар құқық бұзушыны емдеу, оның қауіпті мінез-құлқын түзету арқылы қоғамды қорғау болып табылады.

Бұдан бөлек, кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпал ету шаралары ерекше маңызға ие. Олар – ескерту жасау, ата-анасының қарауына тапсыру, мінез-құлқына шектеу қою, сондай-ақ арнайы тәрбие немесе медициналық мекемелерге жіберу сынды бірқатар тетіктерді қамтиды. Бұл шаралар жасөспірімдердің қателігін түзетіп, оларды қоғамнан оқшауламай, қайта әлеуметтендіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдары заң бұзушылыққа қарсы әрекет етудің тиімді әрі баламалы жолы ретінде қарастырылады. Олар қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, құқық бұзушының тұлғасына кешенді түрде ықпал етіп, оның түзелуіне мүмкіндік береді.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары институтын дамыту сатысында бірінші оның ұғымына тоқталуды қажет етеді. Себебі, аталған институттың ұғымы қылмыстық заңнамамен бекітілмеген. Ал, институт ұғымын қалыптастыру үшін оның белгілерін нақтылаған жөн.

А.Н. Нурболатовтың пікірінше ҚР ҚК-нің ерекше бөлігінің санкцияларында тікелей көзделмесе де қолданылуын, шектеу мерзімінің жоқтығы мен соттылықтың болмауы өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының ерекшелігіне жатады [6].

С.А. Корнеевтың көзқарасы бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралардың маңызды белгілері: 1) олар мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бірі; 2) тек сот шешімі негізінде жүзеге асырылуы; 3) қылмыстық заңда тыйым салынған әрекет жасағанымен, объективті себептерге байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын тұлғаларға қолданылуы; 4) қылмыстық заң нормаларын бұзған адамның құқықтары мен бостандықтарын мәжбүрлі түрде шектеу арқылы жүзеге асырылуы [7, 9 б.].

А.Т. Байсеитованың пікірінше аталған институттың белгілері: 1) күшіне енген сот үкімі немесе қаулысы негізінде тағайындалуы; 2) есі дұрыс тұлғаларға, сондай-ақ есі дұрыс емес күйде жасаған тұлғаларға немесе психикалық ауруы бар тұлғаларға және кәмелетке толмағандарға тағайындалуы; 3) мемлекет тарапынан жауапкершіліктің шеңберінен тыс жүзеге асырылуы мүмкіндігі; 4) сипаты бойынша адамның құқықтары мен бостандықтарын мәжбүрлеу жолымен шектеу және жазалаушы мәнге ие болмауы; 5) ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінің баптарында жаза түрінде болмауы; 6) соттылықтың арнайы құқықтық салдарының туындамауы [8, 238 б.].

А.Н. Нурболатовтың, С.А. Корнеевтың және А.Т. Байсеитовтың көзқарастарымен келіспеу мүмкін емес, себебі жазаның басты мақсаттарының бірі – жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Қылмыстық жауаптылықтан босатылған және қылмыс субъектісі болып

табылмайтын тұлғаларға қатысты бұл институттың қолданылуы оның басты ерекшеліктерінің бірі екендігіне ешқандай күмән тудырмайды.

Одан бөлек, жаза қылмыстық заңның мақсаттарына жете алмаған жағдайларда аталған институтты тек балама шара қатарында емес, сонымен қатар толықтыру үшін қолданылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде институттың тағы бір белгісі ретінде қосымша ықпал ету шарасы ретінде қолданыла алатындығын көрсетеді.

В.А. Серебреникованың, Ю.А. Кузнецовтың және Р.О. Мустафазаның көзқарастары бойынша аталған институттың ерекшеліктері келесідей сипатталады: 1) қылмыстық-құқықтық шаралардың мәні көбінесе жазамен емес, қоғамды қорғау және тұлғалардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатында мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен байланысты; 2) олар Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелеріне сәйкес тағайындалады; 3) қылмыстық-құқықтық шаралардың мақсаттары бір жағынан тар бағыттылыққа ие болып, негізінен арнайы алдын алу шараларымен байланысты болса, екінші жағынан олардың қолданылуы кеңірек ауқымда жүзеге асырылады (мысалы, медициналық мәжбүрлеу шараларының мақсаттары) [9, 95 б.].

Аталған институттың ерекше белгілерінің бірі оның мақсаты екендігі анық. Оған дәлел медициналық шараларымен қатар мәжбүрлі төлемнің мақсаттарын тануға болады. Медициналық шаралар бірнеше мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни, бірінші құқық бұзушының іс әрекетін түсіндіруді мақсат тұтса, сонымен қатар оның салдарын жою арқылы жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алуға мүмкіндік береді. Ал, мәжбүрлі төлем құқық бұзушылық салдарынан туындаған зиянды қалпына келтіруге бағытталған.

Т.А. Пактің пікірінше 1) жазаға балама ретінде қолданылуы; 2) шартты сипатқа ие сынақ тәртібінің болуы; 3) оң және теріс құқықтық салдарлардың туындауы; 4) қылмыстық-құқықтық бағыттылығы, бірақ жаза секілді жазалау мақсатының жоқтығы 5) жазаға балама – оның мақсаттарын жүзеге асыруы аталған институттың негізгі ерекшеліктері болып табылады [10].

Аталған пікір жоғарыда айтылған белгілерге қатысты тұжырымды нақтылауға мүмкіндік береді. Дегенмен, оның сынақ бөлігіне қатысты белгісі біз үшін негізсіз болып табылады. Себебі автор өз ұстанымын пробация және шартты түрде соттау институттары бойынша негіздеген. Алайда, аталған институттар белгілі бір жаза шарасының орындалу тәртібі болып табылады. Оған дәлел аталған институттардың тағайындалған жаза негізінде жүзеге асырылуы.

Мысалы, ҚР ҚК-нің 63-бабында шартты түрде соттау негізі ретінде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалады. Бұл шараның

қолданылуының негізгі себебі – адам жазасын өтемей-ақ түзелуі мүмкін деген пікірге негізделеді.

Сонымен қатар, аталған баптың үшінші тармағында кәмелетке толмаған адамға шартты түрде соттау тағайындалған жағдайда, сот тарапынан алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеу көзделген. Бұл норма шартты түрде соттаудың пробациялық бақылаумен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Яғни, кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын шартты соттау өз мәнінде пробация талаптарымен ұштасып жүзеге асырылады.

Егер сот бас бостандығынан айыру жазасын шартты түрде тағайындаса, онда сотталған адам шарттарды бұзған жағдайда соттаудың күшін жоюы ықтимал. Ал керісінше, егер сот үкімімен бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалса және ол пробациялық бақылау арқылы орындалса, онда тәртіп бұзылған сәтте бұл жаза бас бостандығынан айыру түріне өзгертілуі мүмкін.

Аталған жағдайлардан шығатын қорытынды: шартты түрде соттау мен пробацияның арақатынасы белгілі бір талаптар мен мінез-құлық ережелерін сақтай отырып, жаза мерзімін өтеу жүйесіне негізделеді. Бұл, өз кезегінде, аталған институттардың тағайындалған жазаны белгілі бір шарттар негізінде орындау тәртібінде жүргізілетіндігін көрсетеді.

К. Матвееваның пікірінше шараның белгілері мыналар: 1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары соттың шығарған шешімі бойынша тағайындалады; 2. Бұл шаралардың мақсаты қылмыс жасаған адамды жазалау емес, керісінше оны қылмыстық жауапкершіліктің ауыр шарасын қолданбай-ақ түзету мүмкіндігін білдіретін көзқарасқа негізделеді. 3. Егер осы шаралар сақталмаса, оларды орындалмаған жағдайда қылмыстық жазаға ауыстыру мүмкіндігі бар. Бұл, яғни қылмыс жасаған адамға тағайындалған қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы орындалмаса, ол жазаға ауысуы мүмкін; 4. Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары – бұл қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру құралы, сондықтан да бұл шаралардың заңды салдары да осы саланы қамтиды. 5. Бұл шаралар, негізінен жазадан босатумен байланысты тағайындалады. Егер қылмыс жасаған тұлғаға қылмыстық жазаны қолдануға заңды негіздер болмаса, онда соттың шешімі бойынша басқа қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы белгіленеді. 6. Бұл шаралардың өтеулігі бар. Бұл тұжырым ауыр қылмыс үшін қатаң шараның қолданылуы керек деген ұғымды білдіреді. Бұл талаптың әділдік қағидасынан туындайтыны да бар, себебі қылмыс пен оған қолданылатын шаралардың арақатынасы әділ болуы тиіс [11, 11 б.].

К. Матвееваның пікірінің өзге авторлардың пікірінен ерекшелігі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының талаптары сақталмаған жағдайда жаза институтымен ауыстырыла алады деген тұжырымы.

Алайда, қолданыстағы қылмыстық заңнамада аталған институттың белгілі бір шарттары орындалмауы бойынша өтелмеген бөлігі теңестіріліп

жаза институтына ауыстыруға жататындығы көрсетілмеген. Мәселен, қазіргі таңда заңнама негізінде белгіленген мәжбүрлі төлем және медициналық мәжбүрлеу шаралары орындалмауы бойынша өзге шаралармен ауыстырылуға алып келмейді.

Одан бөлек, біздің ойымызша аталған институттың тағы бір ерекшелігі оның сот үкімі шығарылғанға дейін қолданылу функциясының болуы.

Мысалы: аталған институттың бірі мүлікке тәркілеудің ҚР ҚПК-нің 15-бөліміне сәйкес үкім шығарылғанға дейін қолдану тәртібі. Яғни, күдіктіге немесе айыпталушыға халықаралық іздестіру жарияланған жағдайда, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтарына сәйкес қылмыстық қудалау тоқтатылған кезде қолданылуға жатады [12].

Н.Хавронюктің көзқарасында аталған институттың жаза институтынан ерекшеліктері мынада: 1) Егер жаза әрдайым кінәлі адамның қылмыстық-құқыққа қайшы әрекетінің құқықтық салдары болып табылса, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы кінәнің болмауына қарамастан тағайындалуы мүмкін; 2) Егер жаза тек тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартқан жағдайда ғана қолданылса, аталған шара қылмыстық жауапкершіліктен тыс та қолданылуы мүмкін; 3) Егер жаза ашық түрде репрессивті сипатқа ие болып, негізінен жазалау, кек алу және қорқыту мақсатында қолданылса, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы тұлғаның «қауіпті жағдайын» (немесе біз айтқандай, оның қоғамдық қауіптілігін) жоюға тікелей бағытталған, яғни ол қоғамдық қауіпті әрекет жасаған немесе жасауы мүмкін адамға қатысты қолданылады; 4) Жазаның превенциялық рөлі екінші орында тұрса, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы тікелей арнайы превенцияға бағытталған, сондай-ақ құқық бұзушылыққа дейінгі жағдайды қалпына келтіруге бағытталған; 5) Егер жаза, әдетте, тиісті баптың санкциясымен көзделсе, ал өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары, керісінше олардың алуан түрлілігіне байланысты, көбінесе санкциямен көзделмейді; 6) Егер жазаны тағайындау кезінде сот ең алдымен қылмыстық әрекеттің ауырлығын есепке алатын болса және жекелендіру принципі тек жаза түрі мен мөлшерін (жалпы ереже бойынша санкция шегінде) таңдаумен шектелсе, ал өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын тағайындауда сот тұлғаның жеке басына (атап айтқанда, оның қоғамдық қауіптілігіне) және жасаған әрекеттің себептеріне барынша сәйкес келетін шараны таңдау мүмкіндігіне ие болады, яғни бұл шараның құқықтық салдарын барынша дараландыруға мүмкіндік береді [13].

Аталған шараны жаза институтымен салыстырғандағы ерекшеліктері бойынша Н.Хавронюктің пікірі институттың құқықтық жағдайы мен ерекшеліктерін аша алған. Ерекше мән беретін жайт превенция мәселесі. Жаза институтында құқық бұзушылықтың алдын алуда қоғамға қылмыстық жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығын көрсету арқылы азаматтардың заңсыз әрекет жасау ниетінің алдын алуға бағытталған. Яғни, адамдар нақты

бір тұлғаның заң алдында жауап бергенін көріп, өз іс-әрекеттеріне сараптама жасап, құқық бұзудан тартынуы мүмкін. Ал, арнайы алдын алу нақты бір құқық бұзушыға тікелей бағытталған және оның болашақта қайтадан қылмыс жасау қаупін жоюды көздейді. Бұл тәсіл адамның түзелуіне, оның қауіптілігін төмендетуге немесе қоғамнан уақытша оқшаулауға бағытталған. Мысалы, психологиялық немесе медициналық емдеу, түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыс сияқты шаралар – осы арнайы алдын алу жүйесіне жатады. Бұл механизм, сонымен қатар, тұлғаның құқықтық сана-сезімін қалыптастыру мен қоғамға қайта бейімделуіне ықпал етеді.

Жоғарыда қарастырылған ғалымдардың пікірлерін түйіндей келе, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының ерекше белгілерін атап өткен жөн. Оларға:

- 1) жазалау қасиетінің жоқтығы;
- 2) ізгілендіру мақсатының болуы;
- 3) жаза тек қылмыстық жауаптылықта қолданылатын болса, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын жауаптылықтан және жазадан босатылған жағдайда да қолданылуы (сотқа дейінгі мүлікті тәркілеу, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары);
- 4) жазаға балама немесе толықтыру үшін қолданылуы;
- 5) қоғамнан шектеу элементтерінің болмауы;
- 6) үкім шығарылғанға дейін қолданылуы;
- 7) қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою (бейтараптандыру);
- 8) қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды қалпына келтіру (мәжбүрлі төлем).

Қылмыстық құқық бұзушыға қолданылатын шаралардың бірі ретінде танылатын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары, жазалау шаралары тиімсіз немесе пропорционалды емес деп танылған жағдайларда іске асырылады. Мұндай шаралардың басты мақсаты – қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды сақтап, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін құқық бұзушыға адамгершілік тұрғысынан жеңіл немесе жазаға қосымша қылмыстық ықпал ету болып табылады деп санаймыз [4].

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларының жаза институтынан ерекшелетін 8 белгісін анықтадық. Енді аталған шараның ұғымына тоқталатын болсақ. Шара ұғымына қатысты ғалымдардың пікірлері бір-біріне ұқсас болып келеді және салыстырмалы түрде институттың белгілерінің негізінде жасақталған.

Ф.Б. Гребенкинаның пікірінше «қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге шаралар – қылмыстық жазалар жүйесіне және қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларына кірмейтін, қоғамға қауіп төндіретін әрекеттерді

немесе қылмыстарды жасаған адамдарға соттың шешімімен қолданылатын мәжбүрлеу шарасы» [14, 129 б.].

С.А. Ветошкиннің көзқарасы бойынша «қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге шаралар дегеніміз — қылмыстық жауапкершіліктен, қылмыстық жазадан босату немесе жазаны өзгертуге байланысты, қылмыстық заңмен тыйым салынған қылмыстарды есі дұрыс еместік жағдайда жасалған әрекеттер үшін қолданылатын, жазалар жүйесіне кірмейтін қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралы» [15, 123 б.].

В.А. Васильевтің көзқарасы бойынша «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шаралары - қылмыстық заңмен белгіленген және соттың шешімі бойынша, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамдарға қатысты қолданылатын, олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары» [16, 20 б.].

Н.Ю. Скрипченконың пікірінше «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шаралары – мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, олар қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған тұлғаға жазамен қатар, жазаның баламасы ретінде немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылған жағдайда, сондай-ақ жазаны психикалық ауытқулары бар тұлғаларға қатысты тағайындау немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда қолданылады» [17, 10 б.].

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына қатысты Н.Ю. Скрипченконың пікірі институт ұғымына жақын, дегенмен келесі негізде толық ұғымды аша алмаған деп санамаймыз, себебі аталған институтты тағайындауға құқылы лауазымды тұлға бөлігі көрсетілмеген. Бұл кемшілік өз кезегінде сотқа дейінгі тергеп тексеруді ақталмайтын негіздерге сәйкес тоқтату сәтінде шараларды кім тағайындауға құқылы екендігін ашық қалдырады.

Біздің ойымызша аталған институттың ұғымын А.Т. Байсеитова толық аша алған: Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары — бұл мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары, олар қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған тұлғаға соттың шешімімен қылмыстық жазаға балама ретінде немесе жазамен бірге тағайындалады, сонымен қатар қылмыстық заңнаманың мақсаттары мен қоғамдық қауіпті әрекеттің мәні мен жағдайларын ескере отырып қолданылады [8].

Біз осы көзқарасты қолайлы әрі негізделген деп есептейміз, өйткені өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының табиғаты мен мазмұны олардың негізгі сипаттамалары арқылы жан-жақты ашылады. Бұл шаралардың әрқайсысы мемлекеттің мәжбүрлеу механизмдерінің дербес элементі ретінде танылады. Қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдары заң бұзушы тұлғаға белгілі бір деңгейде әсер ете отырып, қылмыстық заңнамада көзделген міндеттер мен мақсаттарға жетуге бағытталуы тиіс. Осыған байланысты, мұндай шаралар тек жазалау емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтың

алдын алу және түзетуге бағытталған тиімді тетіктердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Жоғарыда жүргізілген талдау негізінде, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ұғымына келесідей анықтама беруге болады: Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары дегенеміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және қылмыстық заңда көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты құқықтары мен бостандықтарынан қылмыстық заңда көзделген негіздерде шектеу болып табылады [4].

Сонымен қатар, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары институтының құқықтық реттеу мәселелерін шешу мақсатында қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

ҚР ҚК «Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ұғымы мен оның мақсаттары» атауында жаңа 90-1 бабымен толықтыру ұсынылады:

1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және осы Кодексте көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген негіздерде шектеу болып табылады.

2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары сотталған адамды түзеу, емдеу, тәрбиелеу, салдарын жою және осы Кодексте көзделген жағдайлар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамды жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Өз кезегінде, ұсыныс аталған институттың дамуына мүмкіндік береді және тәжірибеде туындайтын проблемалық аспектілерін азайтады деген пікір білдіреміз [4].

1.2 Отандық қылмыстық заңнама тарихында көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы және оның қазіргі құқықтық жағдайы

2025 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтеріне сәйкес Республика аумағында барлығы 5 694,5 мың автокөлік тіркелген (*оның 88%-жеңіл автокөлік, 9,9%-жүк көлігі 2,1%-автобустар*) [18].

Қоғамда көлік құралдары қозғалысының жиілеуіне байланысты оларды құқықтық реттеу бөлігінде мемлекетпен жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидалары қабылданды. Себебі, мемлекеттің басты қызметінің бірі қауіпсіз қоғамдық қатынасты қалыптастыру болып табылады. Көлік құралдары мен жолдар жоғары қауіптілік көзіне жатқызылуына сай, аталған қағидалар қоғамда қауіпсіз жол қозғалысын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қағидаларды бұзған жағдайда бірнеше мемлекеттік ықпал ету шаралары көзделген. Соның бірі – қылмыстық құқық бұзушылық үшін көлік құралын басқару құқығынан айыру (тыйым салу) шарасы.

Құқық бұзушыға жаза тағайындау – қылмыстық-құқықтық қатынастардың маңызды әрі түйінді кезеңдерінің бірі. Бұл процесс әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, құқық бұзушының қайта түзілуін қамтамасыз ету және оны қоғамға қайта интеграциялау мақсатына бағытталады [19. 58 б.].

Е.А. Власованың пікірінше «қылмыстық жаза жүйесі – әлеуметтік факторларды ескере отырып қалыптастырылған және ауырлық дәрежесіне сәйкес реттелген қылмыстық санкциялар жиынтығы. Қылмыстық заңнамада бекітілген бұл элементтер өзара алмастырылу және толықтыру қасиеттеріне ие. Осы құрамдас бөліктердің өзара байланысы қылмыстық жазаның негізгі мақсаттарына, соның ішінде сотталғандарды түзетуге және әділдік қағидаттарын жүзеге асыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді» [20. 10 б.].

А.В. Звонов қылмыстық жазалар жүйесі – бекітілген қылмыстық жазалар және өзге де құқықтық шаралардың жиынтығы. Оның негізгі ерекшелігі – мемлекет пен құқық жүйесінің дамуымен өзгеріп отыратын динамикалық сипатқа ие болуы. Мұндай жүйенің басты белгілеріне тұжырымдамалық негіздің болуы, заңнамалық тұрғыдан бекітілуі, құрылымдық реттелуі және жүйелілігі жатады. Әлеуметтік-құқықтық жағдайлардың өзгеруіне байланысты бұл жүйенің құрамы мен жұмыс істеу қағидаттары түзетіліп отырады, бұл оның қоғам мен мемлекеттің өзекті талаптарына сәйкес үнемі жетілдіріліп отыру қажеттілігін көрсетеді деп тұжырымдайды [21. 58 б.].

Аталған пікірлер өте жоғары деңгейде жаза жүйесінің мағынасы мен құқықтық жағдайын аша алған, сонымен қатар аталған жүйенің тиісті жұмыс жасауы үшін әлеуметтік-құқықтық жағдайларда қоғам дамуына сәйкес бейімделуге жатады деген тұжырымды қалыптастырады.

Жаза институтының негізгі мақсаты – қоғамдық тәртіпті сақтау, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамның қайта тәрбиеленуіне жағдай жасау және жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу. Әрбір жаза түрі құқық бұзушылықтың сипатына, оның қоғамға тигізетін қауіптілік деңгейіне және кінәлінің жеке басының ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді.

Қылмыстық заңнаманың қалыптасуымен бірге жаза жүйесін реттеу мен тағайындау мәселелері де қатар дамып отырды. Мәселен, 1959 жылғы ҚазССР

Қылмыстық кодексінде жаза жүйесі негізгі және қосымша жазалардан тұрды. ҚазССР ҚК-нің 21-бабында келесідей қылмыстық жауаптылықтар көрсетілді:

- 1) бас бостандығынан айыру;
- 2) жер аудару;
- 3) сыртқа шығару;
- 4) бас бостандығынан айырусыз түзету жұмыстары;
- 4) белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 6) лауазымынан босату;
- 7) айыппұл;
- 8) қоғамдық айыптау;
- 9) келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу;

Қосымша жазалар қатарында 1) мүлікті тәркілеу; 2) ата-ана құқықтарынан айыру; 3) әскери немесе арнайы атағынан айыру.

Сонымен қатар, сыртқа шығару, жер аудару, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, лауазымынан босату, айыппұл және келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу тек негізгі жазалар ретінде ғана емес, сондай-ақ қосымша жазалар қатарында да қолданылуы мүмкін болды [22].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасы «Көліктегі қылмыстар» деп аталатын 10-тарауда көрсетілген құқық бұзушылықтар үшін көзделген. Бұл тарауда жол жүрісі қағидаларын немесе көлік құралдарын пайдалану тәртібін өрескел бұзу нәтижесінде қоғамдық қауіп төндіретін іс-әрекеттерге қатысты негізгі санкция ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы қарастырылған.

Алайда, бұл жаза Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінде нақты, дербес жаза ретінде жеке аталып көрсетілмеген. Яғни, ҚР ҚК 21-бабында негізгі және қосымша жазалар түрлері қатарында «көлік құралын басқару құқығынан айыру» жазасы тікелей аталмайды. Соған қарамастан, іс жүзінде соттар бұл жазаны қолдану үшін Кодекстің 50-бабына «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» шарасының негізінде тағайындады.

Кодекстің 26-бабына сәйкес, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгіленді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1997 жылғы ҚР ҚК 39-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық үшін келесідей жауаптылықтар көрсетілді:

- 1) айыппұл салу;
- 2) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) түзеу жұмыстары;

- 5) әскери қызмет бойынша шектеу;
- 6) бас бостандығын шектеу;
- 7) абақтыда ұстау;
- 8) бас бостандығынан айыру;
- 9) өлім жазасы.

Қосымша жаза түрлеріне:

1) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 2) мүлкін тәркілеу. Сонымен қатар, айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолдануға жатты [2].

ҚР ҚК-нің «Көліктегі қылмыстар» 12-тарауында 1959 жылғы ҚазССР Қылмыстық кодексінде орын алған мәселе қайталанды, яғни, қылмыстық құқық бұзушылық үшін санкция қатарында «көлік құралын жүргізу құқығынан айыру шарасы» көрсетілді. Яғни, көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы жаза ретінде ҚР ҚК-нің Жалпы бөлімінде нақты қарастырылмады. Дегенмен, ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінде көрсетілген көліктегі қылмыстарға қатысты баптардың санкцияларында қолданылды.

2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» шарасы негізгі жаза қатарынан қосымша жазалар қатарына ауыстырылып, қолданылу мерзімі бір жылдан он жылға дейінге ұзартылды. Ал, қылмыстық заңнамада қылмыстық теріс қылық ұғымы пайда болуына байланысты 14-тарауының атауы «Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп өзгертілді. Сонымен бірге, аталған құқық бұзушылықтарға қатысты санкциялардан көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы алынып тасталып, оны «белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» шарасымен біріздендіру қарастырылды.

Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнамада көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы жеке қарастырылмаған. Алайда, ҚР ҚК-нің 50-бабының 2-бөлігінде 345-1-бабының төртінші бөлігі мен 346-бабында көзделген көлікке қатысты қылмыстар үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұратыны көрсетілген. Аталған контекстінен келесіні тұжырымдауға болады. Яғни, ҚР ҚК-нің 40-бабы 3-бөлігінде қосымша жазалар қатарындағы белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру құрамында бірнеше шектеуді қамтиды, соның бірі көлік құралын басқару құқығынан айыру немесе тыйым салу шарасы болып табылады.

Сонымен қатар, ұлттық заңнамада «қосымша жазалар» ұғымына түсінік берілмеген. Бұл жазалардың маңызы қылмыстық-құқықтық ықпал ету

жүйесінде негізгі жазамен бірге қосымша рөл атқаруында. Олар тек қылмыстық құқық бұзушылық үшін жеке қолданылмайды, керісінше, жазаның негізгі мақсатына жету үшін қосымша ықпал ету құралы ретінде пайдаланылады. Осы ретте, қосымша жаза сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу дәрежесін арттырып, қылмыстық-құқықтық ықпал ету аясын кеңейтуге бағытталған.

Қылмыстық кодекстің 14-тарауында көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар 344 -360 баптарының аралығында көзделген. Оның ішінде 13-баптың санкциясында белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығын шектеу шарасы көзделген.

ҚР ҚК-нің 50-бабының 1-бөлігіне сәйкес, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

Шараның атауы белгілі бір құқықтан айыру болып табылғанымен құрамында әсер ету механизмі негізінде тыйым салуды да қамтиды.

Осы баптың 2-бөлігіне сай, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Ал кәметке толмағандар үшін аталған шара екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалуға жатады.

2019 жылға дейін көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салу шарасы қарастырылған жоқ. Кейін көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиілеуіне байланысты және қоғамда қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету негізінде аталған бағыттағы құқық бұзушылықтар үшін мемлекетпен жауаптылықтарды күшейту шешімі қабылданды.

2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында ҚР ҚК-нің 50 және 346-баптарының тақырыптарына өзгерістер енгізіліп, 345-1-бабымен толықтырылды. Аталған бап алкогольдік, есірткілік немесе басқа да уытқұмарлық масаң күйде көлік жүргізген тұлғалардың жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуына қатысты нормаларды қамтыды.

ҚР ҚК-нің 345-1 және 346-баптарында «көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салу» түріндегі жаңа жауапкершілік енгізілді.

Осыған сәйкес, 50-баптың 2-бөлігіне келесі мазмұнда толықтыру енгізілді: 345-1-бабының төртінші бөлігінде және 346-бабында көзделген көліктік қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Жоғарғы Соттың ұстанымына сәйкес, қосымша жазаның осы түрін тағайындай отырып, сот оның өмір бойына тағайындалуы ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде тікелей көрсетілген қылмыстардың жекелеген санаттары үшін ғана көзделгенін ескеруі тиіс. Аталған тізбеге кірмейтін басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру, егер қосымша жазаның осы түрі ҚК-нің санкциясында міндетті жаза ретінде көзделсе де тағайындалмайды. Мұндай жағдайларда сот қосымша жазаның осы түрін тағайындаудың жалпы негіздері мен шарттарын басшылыққа алуы тиіс, оларға сәйкес жаза бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге тағайындалады [24].

Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 50-бабының 2-бөлігіне сәйкес, ҚК-нің 345-1-бабының төртінші бөлігі мен 346-бабында көзделген көлікке қатысты қылмыстар үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы — көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыру түрінде жүзеге асырылады. ҚК-нің 14-тарауында белгіленген «Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар» өзге құқық бұзушылықтар үшін шара бір жылдан он жылға дейінгі уақыт аралығында белгіленеді.

Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша көлік құралын басқару құқығынан айыру тек жазаның бір түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының құрамында қарастырылады. Бұл туралы ҚК-нің 85-бабында айтылған тәрбиелік мәжбүрлеу шаралары дәлел бола алады. Атап айтқанда баптың 4-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмағандарға қатысты бос уақытты шектеу және оларды белгілі бір қызметпен айналысудан айыру, соның ішінде көлік құралдарын басқаруға тыйым салу мүмкіндігі қарастырылған.

Қылмыстық кодекстің 3-бабы 20-тармағына сәйкес, басқа механикалық көлік құралдарына тракторлар, мотоциклдер, сондай-ақ өздігінен жүретін техникалар, оның ішінде экскаваторлар, автокрандар, грейдерлер және катоктар жатады.

Дегенмен, ҚК-нің 84-бабында кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының бірі ретінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты белгілі бір қызмет түрін пайдалануға тыйым салу қарастырылмаған. Аталған заң нормалары келесіні тұжырымдауға мүмкіндік береді. Демек, бұл шара кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына арнайы талаптар қою аясында қолданылады.

Қылмыстық заңнамаға сәйкес, көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауында он төрт жасқа толған адамдар көлік құралдарына немесе қатынас жолдарына қасақана залал келтіргені үшін (ҚК-нің 350-бабы) қылмыстық жауапкершілікке көзделген, ал өзге жағдайларда жауапкершілік 16 жастан бастап тағайындалуға жатады.

2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативтік қаулысының 2-тармағында түсіндірілгендей, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде 16 жасқа толған, механикалық көлік құралын жүргізген және жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға жол берген тұлға ҚК-нің 345, 346, 347, 348, 349, 351-баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде танылады [23].

Сонымен қатар, адамның көлік құралын басқару құқығына ие болуы немесе жүргізуші куәлігінің болмауы, сондай-ақ оның көлік жүргізу саласындағы білімі мен тәжірибесі құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатуға себеп бола алмайды. Осылайша, кінәлі тұлға көлік жүргізу саласында біліктілігінің төмендігіне немесе рұқсат қағазының болмауына сілтеме жасап, жауапкершіліктен жалтара алмайды.

Жоғарыда аталған шара өз құрамында тыйым салу тетігін қамтитынын анықтадық. Енді аталған тұжырымды негіздесек, қылмыстық жауаптылық ҚК-нің 2-бабына сәйкес, жаза және өзгеде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларынан тұрады. Дегенмен, қылмыстық құқық өз міндетін жүзеге асыру мақсатында алдағы уақытта жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда көлік жүргізу куәлігін алуға тыйым салу мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Яғни, шара тек тиісті құқықтан айырудан бөлек, оны белгіленген уақыт аралығында алуға тыйым салудан тұрады.

Аталған механизм негізінде көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салу жұмыс атқарады. Себебі көлік құралын басқару құқығы белгілі бір жарамдылық уақытына беріледі. Өзге де жағдайларда сотпен көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы тағайындалған аралықта (*бір жылдан он жылға дейінгі мерзімде*) көлік басқару куәлігінің жарамдылық уақытының тәмәмдалуы өтелмеген жаза уақытының аралығында тыйым салуға ауыстырылады. Яғни, алдағы уақытта көлік құралын басқару куәлігін алуға тыйым салудан тұратындығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысындағы 22-тармағы аталған мәселеге қатысты түсінік береді. «Адамның көлік құралын жүргізу құқығы болған, не болмаған жағдайда немесе әкімшілік жаза тағайындау тәртібімен ондай құқықтан айырылған жағдайда, сот қылмыстық заңның санкциясына сәйкес оған қосымша жаза ретінде көлік құралын жүргізу құқығынан айыруды тағайындауы мүмкін» [24].

Жоғарыда өткізілген талдау нәтижесінде тарихи тәжірибеде қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары нақты уақыт жағдайларымен және қоғамның даму деңгейінің тығыз байланыстылығын көрсетті. Және қолданыстағы

заңнамадағы аталған шараның бірнеше ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қылмыстық заңнамада көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы тек жазалау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шарасы ретінде де қолданылатыны көрсетілген. Бұған қоса, бұл шара тыйым салу аспектісінде де маңызды рөл атқарады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігін шектеуге де бағытталған.

Қазіргі қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігі олардың заман талабына бейімделу қабілетіне тікелей байланысты. Мұндай шаралардың басты мақсаты – құқық бұзушыға заң шеңберінде әсер ете отырып, қылмыстық заңнаманың мақсатын толыққанды жүзеге асыру. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде бұл мақсатқа жету үшін қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының аясын қайта қарау қажеттігі туындап отыр. Атап айтқанда, кейбір дәстүрлі түрде жазаға жатқызылып келген шараларды жаза жүйесінен бөліп шығарып, оларды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдарының қатарына қосу – заңнаманы ізгілендіру мен тиімділігін арттырудың жолы болып табылады. Бұл трансформация, ең алдымен, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және құқық бұзушыларға ықпал етудің балама тетіктерін дамытуға бағытталған.

Аталған өзгеріс өз кезегінде шараның алға қойған мақсаттарын толық орындауына мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Осы негізде, ҚК-нің 98-4 бабымен «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» толықтыру ұсынамыз:

1. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Осы Кодекстің [238-бабының](#) екінші бөлігінде, [239-бабының](#) екінші бөлігінде, [250-бабының](#) екінші бөлігінде көзделген, қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) – заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, оның ішінде осы Кодекстің [239-бабының](#) екінші бөлігінде көзделген қаржы ұйымының басқару органының немесе атқарушы органының функцияларын уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлғалар жасаған, экономикалық қызмет саласындағы және қаржы ұйымдарындағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасағаны

үшін белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру бес жылдан қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқаруға және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болуға өмір бойына тыйым салу белгіленгенге дейінгі мерзімге белгіленеді.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды, сондай-ақ осы Кодекстің 132-бабының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде, 133-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және педагогикалық лауазымдарды және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеумен байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Осы Кодекстің 345-1-бабының төртінші бөлігінде және [346-бабында](#) көзделген көліктік қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұрады.

3. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің [Ерекше бөлігінің](#) тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

4. Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға жазасымен қатар өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі бас бостандығынан айыру, қамаққа алу өтелген кезден бастап есептеледі. Жазаның басқа түрлеріне өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

1.3 Кейбір шет елдердің заңнамасы бойынша көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының қолдану тәжірибесі

Елімізде азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы күрес саласында бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылды. Бұл реформалар Республикада демократия принциптерін сақтауға және адам құқықтарын қорғауға бағытталғанын, сондай-ақ жалпы адамгершілік қағидаттарына берік екендігін дәлелдеді [25].

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңымен Нью-Йоркте 1966 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт ратификацияланды [26].

Заң негізінде мемлекет жазалау жүйесіндегі саясатында адамгершілік принциптерін басты орынға қойды. Бұл тұрғыда азаптауға немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтындай жаза түрлерін қолдануға тыйым салу бағытында маңызды шешімдер қабылданды. Оның айқын дәлелі ретінде қылмыстық заңнамада өлім жазасының қолданыстан алынып тастауын атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта демократия институтының құндылығы адамгершілік принциптеріне сүйене отырып бағалануда. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларына негізделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 617 «БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы» қаулысымен елімізде сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындауға қатысты нормативтік құқықтық актілер қабылдады.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігін арттыру, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету және қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қорғауын нығайту мақсатында бірнеше шаралар көзделді [27].

Отандық заңнамада қосымша жазалар институтының құқықтық жағдайын талқылағаннан кейін, енді кейбір шет мемлекеттердің заңнамаларында көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының тағайындалуы мен орындалу тәжірибесіне тоқталсақ.

Кейбір шет ел мемлекеттерінде жазамен қатар, қауіпсіздік шаралары қылмыстық заңнаманың мақсаттарына жету үшін қолданылады. Бұл қауіпсіздік шаралары бұрын қоғамға қауіп төндірген жол қозғалысындағы заң бұзушылықтар жасаған тұлғалардың келешекте осындай әрекеттерді қайталау мүмкіндігін болдырмау үшін қолданылады. Мұндай шара, мысалы, мас

күйінде көлік жүргізу, жүргізуші куәлігінсіз көлік жүргізу немесе қауіпті жүргізу тәртібін қолдану сияқты әрекеттермен қоғам қауіпсіздігіне нұқсан келтірген тұлғаларға қатысты тағайындалуға жатады.

Бұл шектеу тек көлік құралын басқару құқығын тоқтату ғана емес, сонымен қатар жолдағы жауапсыз мінез-құлықтың қауіпті екендігін қоғамға көрсету үшін маңызды. Кейбір мемлекеттерде бұл шараға қосымша техникалық құралдарды (мысалы, алкогольдік құлыптарды орнату) қолдану арқылы жүзеге асырады.

Мәселен, **Германия мемлекетінің Қылмыстық кодексінің (StGB) §44** параграфында көлік басқаруға тыйым салу (Fahrverbot) қосымша жазаның қатарында, ал §69 параграфында жүргізуші куәлігінен айыру (Entziehung der Fahrerlaubnis) қауіпсіздік шарасы ретінде қолданылу негіздері көрсетілген.

Егер адам қандай да бір қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға немесе айыппұл төлеуге сотталса, сот оған кез келген немесе белгілі бір санаттағы көлік құралын жүргізуге бір айдан алты айға дейін тыйым салуы мүмкін. Қылмыс көлік жүргізу кезінде немесе жүргізушінің міндеттерін бұзу арқылы жасалмаған күннің өзінде, егер бұл шара сотталушыға әсер ету, құқықтық тәртіпті сақтау немесе бас бостандығынан айыру жазасының қолданылуын болдырмау үшін қажет болса, көлік құралын жүргізуге тыйым салу қарастырылуы мүмкін.

Көлік құралын жүргізуге тыйым салу сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін жүргізуші куәлігі ресми түрде тапсырылған сәттен бастап күшіне енеді, бірақ үкім заңды күшіне енгеннен кейін бір айдан кешіктірілмей орындалуы тиіс. Осы кезең ішінде Германия билігі берген ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктері ресми түрде сақтауға алынады. Бұл ереже Еуропалық Одақтың немесе Еуропалық экономикалық аймақ туралы келісімге қатысушы елдердің билігі берген куәліктерге де қолданылады. Егер куәлік иесі Германияда тұрақты тұратын болса, шетелдік жүргізуші куәліктеріне тыйым салынады.

Егер жүргізуші куәлігі ресми түрде тапсыруды талап етсе немесе шетелдік куәлікке тыйым енгізу қажет болса, тыйым салу мерзімі бұл іс-шаралар орындалған күннен бастап есептеледі. Тыйым салу мерзіміне сотталушы билік нұсқауымен мекемеде ұсталатын уақыт кірмейді.

Егер сотталушыға бірнеше жүргізуге тыйым салу шаралары заңды күшіне енсе, онда олардың мерзімдері бірінен соң бірі есептеледі. Алдымен бұрын күшіне енген тыйымның мерзімі есептеледі. Егер тыйымдар бір уақытта күшіне енсе, онда бірінші тағайындалған тыйымның мерзімі бірінші болып есептеледі; ал егер олар бір уақытта тағайындалса, онда неғұрлым ерте жасалған құқық бұзушылық ескеріледі.

Бұл ретте аталған шара қосымша жаза түрінде тағайындалу мен орындалу негіздері бойынша көрсетілген.

§69 параграфына сәйкес, егер адам көлік құралын басқару кезінде немесе жүргізушіге жүктелген міндеттерді бұза отырып құқыққа қайшы әрекет жасаса және бұл үшін сотталған болса (немесе тек қана оның есі дұрыстығы дәлелденбегені немесе жоққа шығарылмағаны үшін сотталмаған болса), онда сот оны көлік құралын басқару құқығынан айырады. Бұл шешім адамның көлік басқаруға жарамсыз екенін осы құқық бұзушылықтың мән-жайларынан айқын көруге болатын жағдайда қабылданады.

Егер құқыққа қарсы әрекет келесі қылмыстардың біріне жатса: жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіру (§315c), тыйым салынған көлік жарыстарына қатысу (§315d), мас күйінде көлік жүргізу (§316), жол-көлік оқиғасы болған жерден заңсыз кету (§142), әсіресе жүргізуші апат кезінде адамның қаза тапқанын, ауыр жарақат алғанын немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне елеулі зиян келгенін білген немесе білуі тиіс болған жағдайда, жоғарыда аталған құқық бұзушылықтармен байланысты толық мас болу жағдайы (§323a), онда мұндай тұлға, әдетте, көлік жүргізуге жарамсыз деп танылады.

Жүргізу құқығы сот үкімінің заңды күшіне енген сәттен бастап тоқтатылады. Германия органдары берген жүргізуші куәлігі сот шешімімен тәркілеуге жатады [28].

Бұл жағдайда аталған шара қауіпсіздік шарасы ретінде қызмет атқарады. Яғни, қоғамға қауіп төндірген жол қозғалысындағы заң бұзушылықтар жасаған тұлғалардың келешекте осындай әрекеттерді қайталау мүмкіндігін болдырмау үшін қолданылады.

Германия мемлекетінің қылмыстық заңнамасында шараның тағайындалуы мен қатар оның орындалу тәртіптері нақты көрсетілген. Сонымен қатар, қылмыстық заңнамада аталған шара қосымша жаза қатарында да тағайындалуы мүмкін. Дегенмен, жаза институты құқық бұзушыны жазалау бағытында орындалса, қауіпсіздік шарасы ретінде қолданылу қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында тағайындалуға жатады.

Германия мемлекетінің қылмыстық заңнамасында аталған шараның құқықтық жағдайы, оның ішінде қауіпсіздік шарасы ретінде және жаза институты қатарында қолданылу ерекшеліктері арнайы баптарда бөлек көрсетілген болса, **Польша мемлекетінің қылмыстық заңнамасында шараның құқықтық институт қатарын анықтау қиындық туғызады.**

Польша Қылмыстық кодексінің 42-бабында «көлік құралдарын басқаруға тыйым салу. Тыйым салудың көлемі (Zakaz prowadzenia pojazdów. Zakres orzekania zakazu) көрсетілген.

Егер жол қозғалысына қатысушы тұлға көлік құралын басқару кезінде немесе жүргізушінің міндеттерін бұзу арқылы қылмыс жасаған жағдайда, сот сол тұлғаға көлік құралын басқаруға тыйым салуы мүмкін, әсіресе, егер қылмыс жағдайлары көрсеткендей, көлік құралын басқару осы тұлғаның қауіпсіздігіне қатер төндірсе.

Қылмыс жасаған тұлға, мас күйінде, есірткі заттардың әсерінде болса немесе оқиға орнынан бой тасаласа, немесе оқиғадан кейін алкоголь немесе есірткі қабылдаған болса, сот ол тұлғаға көлік құралдарын немесе белгілі бір көлік құралдарын басқаруға тыйым салады. Тыйым салу мерзімі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

Көлік құралдарын басқаруға өмір бойына тыйым салуы мүмкін, егер тұлға адам өліміне немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірген болса, немесе мас күйінде немесе есірткі әсерінде болса, немесе оқиға орнынан қашып кетсе, немесе оқиғадан кейін алкоголь немесе есірткі қабылдаған болса, егер ерекше жағдайлар болмаса және қайтадан көлік құралын басқарғаны үшін сотталған болса» [29].

Польша Қылмыстық кодексінің 42-бабында көрсетілгендей, тұлға құқық бұзушылық жасаған кезде көлік құралын басқаруға жарамсыз және қоғамға қауіп төндіретін болса, сот оны көлік құралдарын басқару құқығынан айыруы шарасын қауіпсіздік шарасы ретінде тағайындайды. Ал, қылмыстық іс-әрекетінің қауіптілігіне қарай өзге жағдайларда 39-баптың негізінде қосымша жаза қатарында қолданылады.

Шетел мемлекеттерінде көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы әр мемлекеттің құқықтық жүйесіне байланысты әртүрлі сипатта реттеледі. Аталған шараның қолданылуының мазмұны мен тетіктері елдердің заңнамалық ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, Ресей Федерациясының қолданыстағы қылмыстық заңнамасында бұл институт белгілі бір лауазымдарды атқаруға немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысуға тыйым салу түріндегі жаза қатарында қарастырылады. Мұндай жаза Қылмыстық кодекстің 47-бабында арнайы көзделген және ол негізгі немесе қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін [30].

«Бұл бап бойынша белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру негізгі жаза ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге, ал қосымша жаза ретінде алты айдан үш жылға дейінгі уақыт аралығында тағайындалады.

Арнайы жағдайларда, қосымша жаза ретінде бұл мерзім жиырма жылға дейін тағайындалады. Ал, өмір бойына белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысуға тыйым салу Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасында қарастырылмаған.

Ресей Федерациясының қолданыстағы Қылмыстық-атқару кодексінің 38-бабында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қандай да бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындау тәртібі мен оның бұзылғаны үшін туындайтын жауапкершілік нақты көрсетілген. Аталған нормаға сәйкес, егер сот үкімімен заңды күшіне енген мұндай тыйым салынғанына қарамастан, тұлға өзіне тыйым салынған лауазымда жұмыс істей берсе немесе тиісті қызметті жалғастырса, бұл оның сот актісін қасақана орындамағанын

білдіреді. Мұндай әрекеттер үшін Ресей Федерациясының заңнамасы аясында құқық бұзушы қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін» [31].

Қырғызстан Республикасының Қылмыстық заңнамасында белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шарасы негізгі және қосымша жаза қатарында ҚК-нің 63-бабында көрсетілген негіздерде тағайындалуға жатады [32].

Аталған шара негізгі жаза ретінде бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Қырғызстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 336–343-баптарында, сондай-ақ 344-баптың 2, 3 және 4-бөлімдерінде, 345-баптың 2 және 3-бөлімдерінде, 346–348-баптарында көрсетілген мемлекеттік және муниципалдық қызмет мүдделеріне қарсы бағытталған сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстар үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы міндетті түрде қолданылады және бұл шара мемлекеттік, не муниципалдық қызметте жұмыс істеуге өмір бойына тыйым салу түрінде жүзеге асырылады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру – қылмыстық жауаптылық шеңберінде қосымша жаза ретінде қолданылатын ықпал ету шарасы болып табылады. Бұл жаза, сот үкімімен алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Аталған шара Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде немесе тиісті құқық бұзушылық құрамын сипаттайтын нақты баптарында тікелей көрсетілген жағдайларда міндетті түрде тағайындалады. Сонымен қатар, сот бұл жазаны сотталушының атқарған қызметі немесе иеленген лауазымы қылмыстың тікелей орындалуына мүмкіндік берген жағдайда Ерекше бөлімде көзделмесе де қолдануы мүмкін.

«Одан бөлек, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қосымша жаза ретінде міндетті түрде тағайындалуға жатады, егер арнайы субъект қызмет бабын пайдалана отырып, адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ кәмелетке толмаған баланың немесе мүгедектің жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қасақана қылмыс жасаған болса. Бұл жағдайда осы жаза түрінің ең ұзақ мерзімі төрт есеге көбейтіледі, бірақ жалпы мерзімі он екі жылдан аспауы тиіс» [34].

Салыстырмалы түрде қарағанда, отандық қылмыстық заңнамада өмір бойына тыйым салу түріндегі шектеулер қолданылуға жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың тізімі кең ауқымды.

Мысал ретінде кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Одан бөлек, Қылмыстық кодекстің 132-бабының 2, 3, 4 және 5-бөліктерінде, сондай-ақ 133-бабының 2 және 3-бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасаған тұлғаларға қатысты сот белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызмет түрлерімен айналысу құқығынан айыру жазасын міндетті түрде тағайындайды. Бұл ретте, заңнамада ерекше талап ретінде мұндай тұлғаларға өмір бойы педагогикалық

қызметпен айналысуға немесе кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарда қызмет етуге тыйым салынады.

Сонымен қатар, «345-1-бабының төртінші бөлігінде және 346-бабында көзделген көліктік қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұрады» [1].

Ерекше назар аударатын жайт, Қырғызстан Республикасы ҚК-нің 63-бабының 7-бөлігінде егер сотталған адам сот үкімін орындамаса және оған тыйым салынған лауазымдарды атқаруды немесе қызметпен айналысуды жалғастырса, онда ол ҚК-нің 370-бабына (Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау) сәйкес жауапкершілікке тартылатындығы көрсетілген.

Егер сот үкімін орындау міндеті жүктелген мекемелердің, ұйымдардың не кәсіпорындардың лауазымды тұлғалары оны орындамаса, онда олар Қырғызстан Республикасы ҚК-нің 370-бабына сәйкес жауапқа тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамау, сол сияқты оларды орындауға кедергі жасау әрекеттері бойынша (ҚК-нің 430-бабы) жауаптылық көрсетілген.

Дегенмен, жауаптылық көзделгендігі бойынша тағайындалатын жазаның орындау бөлігінде және Қылмыстық атқару кодексінде көрсетілмеген.

2017 жылғы 31 қаңтардағы Қырғызстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіндегі аталған шараның орындалуы отындық заңнамамен ұқсас болып келеді. Онда жазаны орындаудан жалтару жағдайларын тану немесе жазаны өтеуді қаскөйлікпен бұзуда танылатын белгілер көрсетілмеген [33].

Украина Республикасының 2001 жылғы 5 сәуірде қабылданған Қылмыстық кодексінде «белгілі бір лауазымдарды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу жазаның бір түрі ретінде бекітілген. Шара негізгі жаза ретінде тағайындалған жағдайда — екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімді қамтуы мүмкін. Ал қосымша жаза ретінде қолданылған жағдайда, бұл мерзім бір жылдан үш жылға дейінгі аралықта белгіленеді» [34].

Азаматтардың сайлау құқығы мен еркіндігін бұзғаны үшін (ҚК-нің 157–160-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар бойынша) қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бес жыл мерзімге белгіленеді. Көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде он жылға дейінгі мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Украина Республикасының қылмыстық заңнамасында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына тыйым салу шарасы қарастырылмаған.

Дегенмен, Украина Республикасының қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамаларында жалтару жағдайлары бойынша арнайы қылмыстық жауаптылық көрсетілген.

Украина Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабына сәйкес, сот үкімімен тағайындалған жазадан жалтару ҚК-нің 389 және 390-баптарында көзделген жауапкершілікті тудырады. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалған тұлғаның бұл жазадан жалтаруы Украина Республикасы ҚК-нің 389-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Аталған жағдайда, екі жылға дейінгі мерзімге түзету жұмыстары, пробациялық бақылау немесе бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалуы мүмкін.

2003 жылғы 11 шілдедегі Украина Қылмыстық-атқару кодексінің 35-бабына сәйкес, «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындаудан жалтарған тұлғаға қатысты пробация жөніндегі уәкілетті орган Ұлттық полицияға қажетті шараларды қабылдау үшін материалдарды жіберуге міндетті» [35].

Украина Қылмыстық кодексінің 34-бабына сәйкес, «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындаудан жалтару, сотталған тұлғаның міндеттерін бұзу ретінде бағаланады» [35].

Осылайша, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру үкімін орындамау қоғамға келетін қауіптің деңгейіне сәйкес арнайы қылмыстық жауапкершілікті талап етеді. Сонымен қатар, бұл шара бойынша үкімді орындамау қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамаларының өзара байланысын көрсетеді.

Беларусь Республикасының тәжірибесі де қызығушылық тудырады.

Аталған елдің Қылмыстық кодексінің 51-бабында «белгілі бір лауазымдарда қызмет атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыруға қатысты жазаның шарттары белгіленген» [36].

Қылмыстың ауырлығына және сипатына қарай белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бір жылдан бес жылға дейін тағайындалуы мүмкін. Ал 316-бабының 4 және 5-бөліктері, 317-бабының 4 және 5-бөліктері және 317.1-бабы бойынша бұл мерзім бір жылдан сегіз жылға дейін тағайындалады.

«Егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміне сәйкес бұл жаза санкциясында көрсетілмеген жағдайда, бірақ сот қылмыстың ерекшеліктеріне қарап, белгілі бір лауазымда немесе қызметте жұмыс істеу мүмкін еместігін анықтаса, онда белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру қосымша жаза ретінде белгіленуі мүмкін.

Егер сот үкімімен негізгі жаза ретінде қоғамдық жұмыстар атқару немесе айыппұл салу түріндегі жаза белгіленсе, онда қосымша жаза ретінде белгілі

бір лауазымдарды атқару немесе бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру шарасы қарастырылмайды.

Отандық заңнамада, жоғарыда аталған негізгі жазалармен қатар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шарасының қолданылуына шектеулер біздің қылмыстық кодексімізде көрсетілмеген» [37].

Біздің ойымызша аталған тәжірибе келесі негіздерде қылмыстық заңнаманың мақсаттарына жетуге кедергі болып табылады. Себебі, құқық бұзушыда белгілі бір құқықтарды қалдыру қылмыстардың қайталануы мүмкіндігін жоғарлатады.

Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, егер негізгі жаза ретінде түзеу жұмыстары, әскери қызметте шектеу, ашық типтегі түзеу мекемесіне жіберілместен бас бостандығын шектеу, жазаны кейінге қалдыру немесе шартты түрде қолдану тағайындалса, онда бұл жаза үкімнің заңды күшіне енген күнінен бастап есептеледі.

«Егер қамау, ашық типтегі түзеу мекемесіне жіберу арқылы бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазаларына қосымша жаза ретінде тағайындалса, онда бұл жаза негізгі жазаны өтеу кезеңінде және одан кейінгі белгіленген мерзім ішінде қолданылады. Бұл ережелер отандық заңнамаға сәйкес келеді» [37].

Егер сот үкімімен тағайындалған түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу жазаларымен қатар, сотталған адамға белгілі бір лауазымдарды атқару немесе бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру жазасы тағайындалған болса, бұл қосымша жазаны орындаудан жалтару — жазаны орындау тәртібін бұзу ретінде бағаланады. Мұндай бұзушылық орын алған жағдайда, түпкілікті жаза қатаңдатылып, мысалы, бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін. Алайда, бұл өзгеріс сотталған тұлғаны бастапқыда тағайындалған қосымша жазасын орындаудан босатпайды. Аталған тыйым сот үкімімен белгіленген мерзім ішінде толық сақталуға тиіс. Бұл құқықтық тетік жаза орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сотталған тұлғаның қайта құқық бұзушылық жасауын болдырмауға бағытталған қосымша кепілдік болып табылады.

«Егер сотталған адам негізгі жаза ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын қасақана орындамаса, онда жазаны орындауды бақылаушы органның ұсынысы бойынша сот бұл жазаны бас бостандығын шектеу жазасына ауыстыруы мүмкін. Бұл жағдайда бір күн бас бостандығын шектеу – бір күн белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға теңестіріледі, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге. Сонымен қатар, жазадан жалтарған кезең жазаны өтеу мерзіміне есептелмейді» [37].

Беларусь Республикасының аталған тәжірибесі біздің ойымызша ерекше көңіл бөлуге тұрарлық. Себебі, жазаның орындалмауы бойынша өзге ауыр жазаға ауыстыру тетігі құқық бұзушыға әсерлі болып табалады және жазаның мақсатына жетуге мүмкіндік береді.

2000 жылғы 11 қаңтардағы Беларусь Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 36-бабында «соттың белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы үкімін орындамаудың заңды жауапкершілігі қарастырылған» [37].

Аталған бапқа сәйкес, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылған сотталған тұлға соттың қойған талаптарын, сондай-ақ Қылмыстық-атқару кодексінің 9-бабында көрсетілген міндеттерді орындауға міндетті. Бұған қоса, жазасын өтеуге қатысты құжаттарды қылмыстық-атқару инспекциясының сұрауы бойынша тапсырып, жұмыс орнын ауыстыру, жұмыстан шығу немесе тұрғылықты мекенжайын өзгерту сияқты жағдайлар туындаған жағдайда, ол бұл туралы бес күн ішінде инспекцияны хабардар етуі қажет.

Беларусь Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 35-бабында көрсетілген міндеттерді сотталған тұлғаның орындамауы, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу ретінде танылады.

«Егер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасының шарттары мен тәртібі бұзылса, қылмыстық-атқару инспекциясы жазаның ауырлатылуы туралы ресми ескерту жасайды.

Егер сотталған тұлғаға ресми ескерту жасалған күннен бастап бір жыл ішінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасының шарттары мен тәртібін қайта бұзбаса, бұл бұзушылық болмаған деп саналады.

Сотталған тұлға белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындаудан әдейі бас тартып, ресми ескертуден кейін де оның шарттары мен тәртібін бұзуды жалғастырса, ол жазаны өтеуден жүйелі түрде жалтарушы ретінде танылады» [37].

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған адам әдейі жалтарса, қылмыстық-атқару инспекциясы бұл жазаны қатаңырақ жаза түріне өзгерту туралы мәселені сотта қарау үшін тиісті ұсыныс жолдайды. Бұл мәселе Беларусь Республикасы Қылмыстық кодексінің 51-бабына сәйкес қаралады.

Беларусь Республикасы аталған жазаны орындау бөлігіндегі тәжірибесі нақты жасақталған деп санауға болады. Жазаны өтеу талаптарын бұзу немесе оны орындамау қандай жауаптылыққа алып келетіндігі айқын көрсетілген.

Франция мемлекетінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы негізгі және қосымша жаза қатарында қолданылады. Франция

қылмыстық кодекстің 131-6-бабына сәйкес, «бұл жаза негізгі жаза ретінде — бас бостандығынан айыруға балама ретінде — бес жылға дейінгі мерзімге белгіленуі, ал ҚК-нің 131-10-бабына сәйкес, қосымша жаза ретінде ол жиырма жылға дейін тағайындалуы мүмкін» [38].

Ерекше мән беретін жайт, аталған шара қолданылу аясына қарай уақытша, шектеу, куәлікті жою және жаңа куәлік алу құқығынан айыру және өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы деп бөлінеді.

Жүргізуші куәлігінің уақытша тоқтатылуы – 5 жылға дейін; Шектеулі басқару құқығы (*suspension limitée*) – жүргізуге тек кәсіби мақсатта рұқсат етіле отырып 5 жылға дейін; Жүргізуші куәлігін жою және жаңа куәлік алу құқығынан айыру – 5 жылға дейін тағайындалуға жатады.

Егер жол-көлік оқиғасы жүргізушінің кінәсінен адам өліміне әкелсе, онда оған көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыру жазасы тағайындалады.

Бізді қызықтыратын аталған мемлекеттің заңнамасындағы шектеулі басқару құқығы (*suspension limitée*). Ол құқық бұзушыға тек кәсіби мақсатта көлік құралын жүргізуге рұқсат береді. Тиісінше, аталған тәжірибе егер табыс табудың басты көзі болып табылатын құқық бұзушылардың табысынан айырмау үшін жасақталған.

Себебі, егер құқық бұзушы көлік құралдарын басқарумен қатысты жұмыс атқаратын болса, аталған жазаны тағайындау арқылы оның көлік құралдарын басқарумен байланысты қызметті атқару бөлігіне де қатысты шектеу қоямыз.

Тиісінше, шараның құрамында өзгеде шектеулерді қамтитынын байқауға болады.

Дегенмен, көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айырылған адамдарға кәсіби мақсатта көлік жүргізуге рұқсат берілмейді.

Одан бөлек, құқық бұзушыға көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы оның алдағы уақытта көлік жүргізбеу мүмкіндігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Алайда, бұл мәселені шешу үшін шетелдерде түрлі қосымша әдістер қолданылады. Мысалы, Беларусь Республикасында қолданылатын тәжірибесіне тоқталуға болады.

Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінің 46-бабына (Арнайы тәркілеу) сәйкес, «қылмыс жасалған жағдайда мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алып қою жолымен арнайы тәркілеуге жатады: қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүлік; осы мүлікті пайдаланудан түскен табыс; және жәбірленушіге немесе өзге тұлғаға қайтарылуға жатпайтын қылмыстың заты; қылмыс жасау үшін пайдаланылған құралдар мен тәсілдер, егер олар қылмыс жасаған тұлғаның меншігінде болса; айналымнан алынған заттар. Қай тұлғаның меншігінде екеніне қарамастан, арнайы тәркілеуге жатады 317¹-бапта көзделген қылмысты жасаған тұлға басқарған көлік құралы (егер бұл көлік құралы

меншік иесінің (пайдаланушының) еркінен тыс немесе басқа адамдардың заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде иеліктен шықпаған болса).

317¹-бабы (Алкогольдік масаң күйде көлік құралын басқару, басқаруды осындай адамға беру немесе тексеруден бас тарту) бойынша заңда көзделген әрекеттер алкогольдік масаң күйде көлік жүргізу, сондай-ақ осы күйде көлікті басқаруға беруге немесе спирттік ішімдіктерді анықтау үшін тексеруден бас тарту болып табылады» [36].

Бұл тәжірибе сондай-ақ Эстония, Швейцария және Дания сияқты мемлекеттерде қолданылады.

Біздің пайымдауымызша, көлік құралы жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерінде құқық бұзушылықтың нысанасы болып табылады және істе заттай дәлелі ретінде танылады. Алайда, ол қылмыс жасау құралы ретінде бағалануға жатпайды.

2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативтік қаулысының 16-1 -тармағына сәйкес, «көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жол көлік оқиғасы объектісі болып табылатын автокөлік құралы қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруына немесе құралына жатқызылуы тиіс емес екенін және осы негіз бойынша мемлекет кірісіне тәркіленуге жатпайтынын соттардың ескергені жөн» [23].

Жоғарыдағы негіздерде аталған тәжірибе қылмыстық заңнама талаптарына сәйкес келмейді.

Ал, аталған мәселені шешу жолында Франция мемлекетінде құқық бұзушының көлік құралына ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен блоктау жүйесін орнату міндеттемесін (*éthylotest antidémarrage*) – 5 жылға дейін тағайындалуы мүмкін.

Аталған жабдық бірнеше шетел тәжірибесінде қолданылады және қылмыстық заңнаманың мақсатына жетуіне, қайта құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өз көмегін тигізуге бағытталған. Тәжірибе: Германия, Нидерланд, Франция, Финляндия, Япония және Швеция мемлекеттерінде қолданыста.

АҚШ-та аталған тәжірибе Ignition Interlock Device (IID) атауымен аталады.

Ignition Interlock Device (IID) жүйесі – бұл құрылғы жүргізушінің тынысындағы алкогольді анықтап, қозғалтқыштың іске қосылуына тосқауыл қояды. Бұл шара мас күйінде қайталанған көлік жүргізудің алдын алуға бағытталған.

IID орнату және пайдалану рәсімі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Орнату – құқық бұзушының өз қаражаты есебінен орнатады.

2. Жұмыс істеу механизмі – қозғалтқышты іске қоспас бұрын жүргізуші құрылғыға үрлеп, алкоголь деңгейін анықтау сынағынан өтуі тиіс. Егер көрсеткіш рұқсат етілген деңгейден жоғары болса, қозғалтқыш іске қосылмайды.

3. Техникалық қызмет көрсету – құрылғыны тұрақты түрде тексеріп, калибрлеу қажет. Бұл талаптардың сақталмауы қосымша шараларға себеп болуы ықтимал.

А.А. Гусеваның пікірінше жол-көлік оқиғаларының алдын алу әрдайым құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі. Осы орайда, көлік жүргізушілерін алкотестер арқылы іріктеп тексеру – мас күйде көлік жүргізудің алдын алудың негізгі құралы болып келді. Дегенмен, заман талабының дамуында ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау жүйесін жабдықтау – бұл саладағы полиция қызметінің тиімділігін арттыратын маңызды тетік болып саналады [39, 12 б.].

О.В. Шкеляның көзқарасы бойынша шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйенсек, көлік құралдарына орнатылатын «ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау» жүйесін қолдану – мас күйінде көлік жүргізгені үшін жауапкершілікке тиімді тәсіл болып табылады. Бұл құралды пайдалану жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға ықпал етеді және құқық бұзушылықтардың алдын алуда оң нәтиже береді [40, 166 б.].

А.А. Гусева мен О.В. Шкеляның көзқарастарын орынды деп санауға болады. Көлік құралын ішімдік мөлшерін анықтайтын құрылғымен автоматты түрде бұғаттау жүйесімен жабдықтау міндеттемесі шетелдік тәжірибеде оң нәтижелер көрсетті. Мұндай шара тек құқық бұзушының түзелуіне ықпал етіп қана қоймай, болашақта осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу тетігі ретінде де тиімді болып табылады.

Қазіргі уақытта бұл міндеттеме тек әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтарға ғана қатысты қолданылуда. Алайда, біздің ойымызша, ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғыны көлік құралдарына қойылатын міндетті техникалық талаптардың қатарына енгізу – тек құқық бұзушылықтың салдарымен күрес қана емес, сонымен бірге оның алдын алу бағытында да тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, жоғарыда қарастырылған шет мемлекеттердің заңнамаларында көлік құралын басқару құқығынан айыру (тыйым салу) шарасы Посткеңестік мемлекеттерінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шарасын жаза институтының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл негізгі немесе қосымша жаза түрінде қолданылуы мүмкін. Алайда, негізгі жаза ретінде қолданылу жағдайлары салыстырмалы түрде аз. Көбіне қосымша жаза қатарында қолданылуға жатады. Ал, Батыс Еуропа мемлекеттерінің қылмыстық заң құрылымы өзге болуына байланысты қосымша жаза және қауіпсіздік шараларына қатарында тағайындалады. Сонымен қатар, құқық бұзушыға

техникалық құрылғыларды қолдану арқылы қылмыстың қайталанауының алдын алу шаралары жүргізіледі.

Салыстырмалы талдау қортындысымен шараны тағайындау бөлігінде айтарлықтай ерекшеліктер анықталынған жоқ. Алайда, оны орындау бөлігінде отандық заңнаманы жетілдіруге қажетті тәжірибелер анықталынды.

Атап айтқанда, тағайындалған шара талаптарын бұзу жағдайында өзге жазамен ауыстыру немесе жалтару жағдайында арнайы қылмыстық жауаптылыққа тартумен ерекшеленеді. Сонымен бірге, жазаны орындауды қамтамасыз етуде және жазаның мақсатына жетуде белгілі бір тежеу тетіктерін қамтиды.

Сонымен қатар, Батыс Еуропа мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында аталған шараны қауіпсіздік шаралары қатарында қолдану құқық бұзушыға кең көлемде әсер етуден бөлек, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде атқаратын қызметі ерекше болып табылады.

Бұл елдердің озық тәжірибесі құқық бұзушылықтардың қайталануын азайтуға және қылмыстық заңнаманың мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Одан бөлек, техникалық құрылғыларды пайдалану тұрғысынан «Ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау жүйесін орнату міндеттемесін» АҚШ, Германия, Нидерланд, Франция, Финляндия, Жапония және Швеция мемлекеттерінің тәжірибесін, еліміздің аталған құқық бұзушылықтармен күрес тәжірибесінде енгізу ұсынылады.

Алайда, қылмыстық жауапкершілік міндеттемесін енгізу емес, көлік құралдарына қатысты міндетті техникалық талаптарды белгілеу ұсынылады. Мұндай техникалық талаптар тек құқық бұзушылықтың салдарымен күресуді ғана емес, сонымен қатар оның алдын алу шараларына да тиімді әсер етуге мүмкіндік береді.

2. Көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын қолдану және орындау негіздері

2.1 Көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын тағайындауға негіз болатын шарттар

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық ретінде бағалануы үшін оның құрамында заңмен белгіленген барлық белгілер болуы тиіс. Осындай белгілермен сипатталатын құқыққа қайшы іс-әрекеттер ғана қылмыстық жауаптылыққа негіз бола алады. Осыған байланысты, заңмен белгіленген тәртіпке сай қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылады. Бұл шаралар қылмыстық заңнамада көзделген мақсаттарға — яғни, құқық бұзушылықтың алдын алуға, кінәлінің түзелуіне, сондай-ақ жаңа қылмыстардың жасалуын болдырмауға бағытталған. Сонымен қатар, мұндай шаралар жазалау ғана емес, тәрбиелеу және әлеуметке қайта бейімдеу қызметін де атқарады.

ҚР ҚПК-нің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі ҚР ҚПК-те көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады. Аталған заң контекстінен келесіні тұжырымдауға болады. Яғни, құқық бұзушының кінәсі соттың айыптау үкімімен немесе ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылғанда танылады [12].

Көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы қазіргі қылмыстық заңнама бойынша қосымша жазалар қатарына жатады. Аталған шараның қазіргі уақыттағы құқықтық жағдайын жоғарыда талқылап өттік. Енді қосымша шараларды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына трансформациялаудан кейін, оны тағайындау бөлігінде қандай өзгерістер орын алатынын және тәжірибеде туындайтын кейбір мәселелерді шешуге қаншалықты мүмкіндік беретініне тоқталып өтсек.

Жаза тағайындаудың негізгі ережелері ҚР ҚК-нің 4-бөлімінің 52-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және ҚР ҚК-тің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалатыны көрсетілген. Ал, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары тағайындалу ерекшеліктеріне қарай ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көрсетілмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін. Дегенмен, шараның бұл ерекшелігі ҚР ҚК-нің Жалпы бөлігінің ережелерінде көрсетілуге жатады.

Аталған баптың 2-бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуіне және жаңа қылмыстардың алдын алуға қажетті әрі жеткілікті жаза қолданылуы керектігі көрсетілген. Бұл өз кезегінде қылмыстық ықпал ету шараларының басты мақсатын айқындайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық үшін белгіленген жазаның жеңіл түрі оның мақсатына жетуге жеткіліксіз болса, онда қылмыскерге неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Сонымен қатар, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары жазаны толықтыру ретінде қызмет атқарып, жазаның қолданылуы мүмкін болмаған немесе тиімсіз болған жағдайда балама шара ретінде белгіленеді.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көрсетілген жазадан қатаң жаза 58 және 60-баптарының негізінде, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтар мен үкімдердің жиынтығы бойынша белгіленуі мүмкін. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 22-тармағына сәйкес, егер жиынтыққа кіретін екі және одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық бойынша негізгі жазамен қатар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза белгілі бір мерзімге тағайындалса, онда жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде оның түпкілікті мерзімі немесе мөлшері ҚК-нің Жалпы бөлігінде көзделген жазаның осы түрі үшін ең жоғары мерзімінен немесе мөлшерінен, яғни он жылдан астам бола алмайды [24].

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша, болашақтағы ықтимал өзгерістерді ескере отырып, бұл шара өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылған жағдайда, оған тән ерекшеліктер сақталып қалуы қажет деп есептейміз. Мәселен, шараны тағайындау барысында басты назарға алатын жайт шараның уақыты. ҚК-нің 50-бабына сәйкес бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді, ал кәмелетке толмағандарға бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Дегенмен, шараның нақты шектеу уақыты көрсетілген уақыт аралығынан жоғары болып табылады. Аталған шара бас бостандығынан айыру немесе қамаққа алу түріндегі жазаға қосымша жаза ретінде қолданылған жағдайда, ол негізгі жазаны өтеу кезеңінің бүкіл мерзімінде әрекет етеді. Себебі нақты түрде құқық бұзушының құқығы негізгі жазамен қоса алғандағы уақыт аралығында шектелуге жатады.

Осыған байланысты, біздің көзқарасымыз қосымша жазаларды өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына трансформациялаудан кейін оларды тағайындау мерзімі бір жылдан он жылға дейінгі аралықта белгіленуі, ал кәмелетке толмағандарға қатысты бұл мерзім бір жылдан екі жылға дейінгі шектеуде қалуы орынды. Себебі бұл уақыт аралығы қосымша жазаның орындалу кезеңінің ұзақтығын ескере отырып, құқық бұзушылыққа қатысты әділ әрі негізделген ықпал ету шарасы ретінде қарастырылады.

Аяқталмаған қылмыс үшін аталған шараны тағайындау барысында ҚК-нің 56-бабының талаптарының негіздері ескерілуі қажет. Дегенмен, өмір бойына тыйым салу қылмысқа дайындалғаны және оқталғаны қарамастан толық тағайындалуға жатады.

Сонымен қатар, Қылмыстық кодекстің 53 және 54-баптарының атауларын назар аударса, онда «қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар» көрсетілгенін байқауға болады. Қылмыстық жауаптылық – жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларынан тұратындығын ескерсек, осы негізде келесі сұрақ туындайды. Яғни, аталған баптардың атауында жауаптылық пен жазаны бөліп көрсетудің қаншалықты қажеттілігі бар? Жауаптылық деп көрсету арқылы заң шығарушылар өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларынан көрсеткісі келді ме? Дегенмен, болжамды жауаптардың туындамау үшін баптардың атауларын «қылмыстық жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар» деп ауыстырған орынды деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымда қабылданған «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының 22-тармағына сәйкес, лауазымы бойынша міндеттерін атқаруына немесе белгілі бір қызметпен айналысуына байланысты қылмыс жасаған әрбір жағдайда, ҚК-нің 50-бабына сәйкес, сот жасаған қылмыстың сипатын ескеріп, сотталушының белгілі лауазымдарды атқару немесе нақтылы қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы мәселені шешуге міндетті. Үкімнің қарар бөлімінде лауазымдар немесе қызметтің түрі нақты көрсетілуге тиіс [24].

2014 жылғы 17 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» заңының 1-бабының 28-тармағына сәйкес, көлік құралы – адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы [41].

Бұл ұғым кең көлемде қолданылып, бірнеше аспектілерді қамтиды. Осыған байланысты, көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасын қолдану кезінде туындайтын мәселелердің бірі – қандай көлік құралдарына (категорияларына) қатысты бұл шектеу қолданылатынын нақты айқындау қажеттілігі.

Себебі, отандық қылмыстық заңнама көлік құралдары мен басқа механикалық көлік құралдарының ұғымдарын жеке бөліп қарастырады.

Қазіргі уақытта бұл мәселе қолданыстағы заңнамада нақты түрде қарастырылмаған. Соның салдарынан тәжірибеде көлік құралдарын, соның ішінде трактор секілді өзге де механикалық көліктерді басқару құқығынан айыру жағдайлары жиі кездеседі.

Одан бөлек, ҚК-нің 39-бабына сәйкес, жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Заң контекстінен келесіні тұжырымдауға болады, яғни жаза тек сот шешімінің бір түрімен «үкімімен» тағайындалуға жатады. Ал, ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалау органымен сотқа дейінгі тергеп тексеру тоқтатылған жағдайларда қосымша жазалар тағайындалуға жатпайды. Осылайша қайта құқық бұзушылықтың алдын алу бөлігінде қылмыстық заңнама толық көлемде қызмет атқармайды.

ҚК-нің 5-бөлімінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату негіздері көрсетілген. Қылмыстық жауаптылық және жаза ұғымдарының түсінігін жоғарыда талқылап өттік. Енді жауаптылықтан босату негіздеріне тоқталып өтсек. Олар: шынайы өкінуіне байланысты, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде, процестік келісімнің талаптары орындалған кезде, татуласуға байланысты, жағдайдың өзгеруіне байланысты, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының ерекшелігі оның қылмыстық жауаптылықтан босатылған жағдайда да қолданылуында болып табылады. Бұл институттың ерекшелігі, тәжірибеде қылмыстық істердің тоқтатылуына қарамастан, құқық бұзушының іс-әрекетінің сипаты мен қоғамға қауіптілігін ескере отырып, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығының сақталмауы қажет деп танылған жағдайда қолдануға мүмкіндік береді.

Мысалы, ҚР ҚК-нің 345-1 бабының 1-бөлігінде (*Алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы*) көзделген құқық бұзушылық үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан 10 жыл мерзімге айыру шарасы қарастырылған.

ҚР ҚК-нің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын жүргізіп, жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзып, абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірсе, жәбірленушімен татуласу жағдайында ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

Дегенмен, тәжірибеде аталған бұзушылықтың негізгі объектісі қоғамдық қауіпсіздік бөлігі бойынша ҚК-нің 68-бабына жауаптылықтан босатуға жатпайтынын негіздеп, қылмыстық істен ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы 1-бөлігімен (жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру) бөлектеп, жауаптылыққа тарту деректері орын алуда.

Л. Ларинаның пікірінше құқықтық реттеуді талап ететін маңызды мәселелердің бірі – ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған тұлғаның көлік құралын басқару құқығын сақтап қалуы.

Автордың ойынша мәселені күрделендіретін тағы бір фактор құқық бұзушының әкімшілік жауапкершілікке де тартылмауы, себебі қылмыстың қудалаудың жүргізілуі аралығында әкімшілік іс жүргізудің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты. Нәтижесінде құқықтық қайшылық туындайды: қылмыстық заңнамамен тыйым салынған әрекеттерді жасаған, бірақ жауапкершіліктен босатылған адамдар әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарға қарағанда артықшылықты жағдайға ие болады. Бұл жағдай әділеттілік қағидатына қайшы келеді және жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіреді деп тұжырымдайды. Мәселені шешу жолында, аталған шараны өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының қатарына қосуды ұсынады [42, 217 б.].

Аталған тұжырыммен ішінара келісуге болады. Яғни, ҚК-нің 345-1-бабында қосымша жаза түрінде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 10 жыл мерзімге айыру көрсетілсе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы 1-бөлігінде 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы көрсетілгендігі аса мән беретін жағдай.

Одан бөлек, қарама-қайшылық құқық бұзушылық үшін туындайтын екі жауаптылықтың болуы. ҚР Конституциямыздың 77-бабы 2-тармағына қайшы келеді, онда бір құқық бұзушылық үшін ешкімді қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды деп бекітілген.

Осы негізде, Л. Ларинаның әкімшілік жауапкершілікке тарту қажеттілігі туралы пікірі және отандық тәжірибе қылмыстың заң принциптеріне қайшы келеді.

ҚК-нің 68-бабының 3-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

ҚК-нің 345, 345-1, 346-баптарында көрсетілген құқық бұзушылықтардың формальді құрамында негізгі объектісі ретінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және белгілі бір түрдегі механикалық көлік құралдарын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар қарастырылады [43]. Ал, осы баптардың өзге бөліктеріндегі жәбірленушінің денсаулығы мен өмірі қылмыстық құқық бұзушылықтың қосымша объектісі болуы табылуы мүмкін.

ҚК-нің 68-бабында қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі объектісінде жәбірленушінің (денсаулығы немесе мүлкі) болып табылса және жасалған іс әрекеті үшін аталған баптың талаптары сақталған болса, қылмыстық жауаптылықтан босату негізді болып табылады.

Қылмыстық заңға сәйкес, қоғамның жол қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін құқық бұзушылықтар бойынша жәбірленушімен татуласқан жағдайда жауапкершіліктен босату қаншалықты әділ және негізді болады? Сонымен қатар, бұл шешім әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалармен салыстырғанда қаншалықты әділ деп тануға болады?

Өз кезегінде, қылмыстың қосымша объектісіне (жәбірленушіге) қатысты бөлігі үшін жауаптылықтан босатып, құқық бұзушылықтың қалған бөлігінде жауаптылыққа тартуға, қылмыстық заңнаманың басты мақсатын әділеттілікті қалпына келтіру бөлігінде қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Осы негізде, қылмыстық жауаптылықтан босату әділ шешім болып табылмауына сай, тек жазадан босату тетігін қолдану біздің ойымызша негізді болып табылады.

2001 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» № 4 нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес, Заң екі және одан да көп объектіге қол сұғатын қылмыстар туралы істер (мысалы, бұзақылық, әскери қылмыс және т.б.) бойынша ҚК-нің 68-бабын қолдануға жол береді [44].

Аталған тармақ жоғарыдағы көрсетілген негіздермен қылмыстық заңның әділеттілік принципіне қайшы келеді.

Қосымша, 68-бапта қылмыстық теріс қылықтар немесе ауырлығы орташа қылмыстарды нақты түрде көрсетуді талап ету керек пе деген сұрақ туындайды.

Бұл мәселе маңызды, себебі жоғарыда айтылғандай, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамында жәбірленушінің болмауы немесе оның құқық бұзушылықтың қосымша объектісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының 2 және 3-бөліктерінде аталған істер бойынша процесс жәбірленушінің шағымы негізінде басталатыны көрсетілген. Сонымен қатар, осы баптың 3-бөлігінде көрсетілген істерде ҚР ҚК-нің 68-бабында белгіленген жағдайларға сәйкес ғана жәбірленушінің күдікті, айыпталушы немесе сотталушымен татуласуы арқылы іс тоқтатылуы мүмкін.

Осы баптың мазмұнын талдай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: мұндай сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар көбінесе жәбірленушінің тікелей мүддесіне қарсы бағытталады және олар қылмыстық іс қозғау үшін жәбірленушінің шағымы негізінде ғана тіркеледі. Бұл жағдайларда тараптардың өзара келісімге келуі және татуласуы құқық бұзушыны қылмыстық жауаптылықтан босатуға заңды негіз бола алады.

Алайда, осы баптың басқа бөліктерінде көзделген қылмыстық әрекеттер қоғамға неғұрлым қауіпті деп танылып, жәбірленушімен татуласу жауаптылықтан босатудың негізі болып табылмайды. Себебі бұл құқық бұзушылықтар тек жекелеген азаматтарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікке, құқықтық тәртіпке қарсы бағытталған. Сондықтан заңнама мұндай істер бойынша қылмыстық жауаптылықты жоюға рұқсат бермейді.

Жоғарғы соттың N 4 нормативтік қаулысының 3-1-тармағына сәйкес, ҚК-нің 68-бабы бірінші бөлігінің ережелерін қолданған кезде осы бапта көрсетілген істі тоқтату негіздері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 32-бабының екінші және төртінші бөліктерінде, 35-бабы бірінші бөлігінің 5, 7-тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерге қолданылмайды [24].

Тиісінше, аталған тармақ ҚК-нің 68-бабын қолдану бөлігінде жоғарыда келтірілген тұжырымды нақтылауға мүмкіндік береді.

Алайда, жоғарғы сот талқылауында ҚПК-нің 32-бабын қандай бөліктеріне ҚК-нің 68-бабын қолдануға мүмкіндік бермейтінін бөліп көрсете отырып онда, аталған баптың алтыншы (жариялы айыптау істерін) бөлігін жатқызбаған. Өз кезегінде, аталған бөлікті жатқызбау салдары тәжірибеде олқылықтар тудыруда.

Одан бөлек, заң екі және одан да көп объектіге қол сұғатын қылмыстар туралы істер (мысалы, бұзақылық, әскери қылмыс және т.б.) бойынша ҚК-нің 68-бабын қолдануға жол береді деп көрсетілген жоғарғы соттың нормативтік қаулысының талаптары жоғарыдағы негіздерге байланысты қылмыстық заң нормаларына қайшы болып келеді және сәйкестендіруді қажет етеді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары порталының мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылы ҚК-нің 345 және 345-1-баптарымен барлығы 4 915 сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған. Оның ішінде ҚК-нің 68-бабымен барлығы 1405 құқық бұзушы жәбірленушілермен татуласқанына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған. Өз кезегінде, іс әрекетімен көлік құралын басқару құқығынан айырылуға жататын тұлғалар

көлік құралдары мен жолдар жоғары қауіптілік көзіне жатқызылуына қарамастан, көлік құралдарын басқарып жүр. Тиісінше қылмыстық заңнама мақсатына жете алмады деген тұжырымды қалыптастыруға болады.

Аталған кемшіліктер қылмыстық заңнамада жазаның қолдану аясының шектелгендігінен орын алады. Ал, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын қолдану аясының кеңдігі аталған кемшілікті жоюға мүмкіндік береді.

Мысалы, ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігінде қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмағандарға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылатыны айтылған. Осыған ұқсас, көліктегі қылмыстар бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қатарына көлік құралын басқару құқығынан айыруды қолдану, тәжірибеде туындайтын қайшылықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық жауаптылық құрамына жататындықтан, ҚК-нің 68-бабының атауын «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату» мәтінімен толықтыру қажет.

Аталған толықтыру қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазадан босата отырып, қылмыстық заңның мақсатына жету үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға жағдай жасайды.

Жоғарыда жасалған талдау негізінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын тағайындаудың негізгі ережелеріне тоқталып өттік. Жинақталған мәліметтер негізінде қылмыстық заңнамаға келесідей толықтыру енгізуді ұсынамыз:

ҚР ҚК «Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын тағайындаудың негізгі ережелері» атауында жаңа 52-1 бабымен толықтыру ұсынылады:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға осы Кодекстің [Ерекше бөлігінің](#) тиісті бабында белгіленген шектерде және осы Кодекстің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы тағайындалады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы тағайындалуға тиіс. Жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің [Ерекше бөлігінің](#) тиісті баптарында көзделгеннен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы осы Кодекстің [58](#) және [60-баптарына](#) сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін.

3. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының

сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін. Сондай-ақ тағайындалған шара сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Аталған толықтыру өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын тағайындаудағы негізгі ережелерді бекітуге және қылмыстың заңнамада институтының дамуына ықпал етеді.

Одан бөлек, көліктегі қылмыстар бойынша ақталмайтын негізде қылмыстық жауаптылықтан босату мәселесін реттеу мақсатында қолданыстағы қылмыстық заңнамаға төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

ҚК-нің 68-бабының атауын «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату» мәтініне өзгерту және аталған бапты 3-1-бөлігімен толықтыру ұсынылады:

Қылмыстық жазадан босату кезінде көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығына тыйым салу шарасы қолданылады.

Қылмыстық заңнама аталған толықтыруды қосу арқылы қылмыстық заңнаманың міндеттерін жүзеге асыруға және шараны қолдану бөлігінде тәжірибеде туындайтын мәселені шешуге мүмкіндік аламыз.

2.2 Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының орындалу тәртібі

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабына сәйкес әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар.

Дегенмен, ата заңның 39-бабына сәйкес, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Осы мақсатта, заңды күшіне енген сот үкімі негізінде адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу жүзеге асырылады [45].

ҚПК-нің 127-бабының 2-бөлігінде, соттың қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген үкімі, сондай-ақ қылмыстық істі мәні бойынша шешетін басқа да шешімі анықталған мән-жайларға да, олардың соттың үкімі мен шешімі шығарылған адамға қатысты құқықтық бағалануына қатысты да барлық мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті [12].

Қылмыстық заңнамаға сәйкес, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тек соттың заңды күшіне

енген шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Жазаны орындау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерімен, «Пробация туралы» заңымен, сондай-ақ ратификациялаған халықаралық шарттармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Басты мақсат – қоғамда әлеуметтік әділдік қағидаларын қалпына келтіру, қылмыс жасаған тұлғаның сана-сезіміне оң әсер ету арқылы оны түзеу, әрі болашақта оның немесе өзге де азаматтардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарға бармауының алдын алу болып табылады.

ҚАК-нің 6-бабына сәйкес, заңды күшіне енген сот үкімі немесе қаулысы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акт, кешірім жасау туралы акт жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауға негіз болып табылады [46].

Бас бостандығын шектеу жазасы бойынша тағайындалған қосымша жазаның орындалу тәртібі:

Пробация қызметі сот үкімін орындау мақсатында үш күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органдарға – белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсатты қайтарып алуға сот үкімінің көшірмесін немесе расталған үзіндісін, сондай-ақ электрондық не жазбаша нысанда ұсынымхат жолдайды.

Осыған байланысты, аталған орган заңды күшіне енген сот үкімі негізінде пробация қызметінен тиісті хабарлама алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сотталған адамның тыйым салынған қызмет түрімен айналысуына берілген рұқсатты кері қайтарып алуға, не оған белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығын беретін құжатты алып қоюға және бұл жөнінде пробация қызметін хабардар етуге міндетті.

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі, сол қызметке рұқсат беретін уәкілетті органдар үшін міндетті болып табылады. Мұндай рұқсатқа жататын қызмет түрінің бірі — көлік құралдарын басқару құқығы.

Сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру жазасынан босатылған сотталғандарға қатысты, егер оларда қосымша жазалар болса, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оларды босатудан бір ай бұрын таңдаған тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне жазаны әрі қарай орындау үшін сот үкімінің куәландырылған көшірмесін электронды немесе жазбаша түрде жібереді.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыруға қатысты қосымша жазаға тартылған тұлғалар, егер олар бас бостандығынан айыру жазасын өтеп, босатылса, онда қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі оны таңдаған мекенжайына келуінен бастап бес күн ішінде пробация қызметіне тіркелуге міндетті.

Бақылауды жүзеге асыру мақсатында пробация қызметі кемінде алты айда бір рет ұйым әкімшілігі мен сотталғанның сот үкімін орындау барысын

тексереді, сондай-ақ кемінде тоқсанына бір рет оны тұрғылықты жері бойынша тексереді.

ҚР ҚАК-де және ҚР КҚ-де жазаны өтеуді қаскөйлікпен бұзушылықтар үшін қабылданатын шара тек негізгі жазаны орындау бөлігіне бағытталған. Ал, қосымша жазаларға қатысты жазаны өтеуді қаскөйлікпен бұзушылықтар ұғымы қолданылмайды.

Жазаны өтеу барысында орын алынған өрескел бұзушылықтар мен өтеуден жалтаруы жайдайларында негізгі жазаның өтелмеген бөлігін ҚК-нің талаптарын сақтай отырып өзге жазаға ауыстыру мәселелері көрсетілген. Бұл тетіктер аталған жазаның мақсатына жетуге мүмкіндік.

Мысалы: шартты түрде жазаны өтеу немесе бас бостандығын шектеу барысында пробациялық бақылау тәртіптерін бұзғаны үшін негізгі жазаны ауыстырылу шарттары қылмыстық заңнаманың Жалпы бөлігінде көрсетілген. Сол секілді бас бостандығынан айыру мекемелерінде де ережелерді бұзу салдары бойынша, орындау тәртібінің бірнеше қатаң түрлері көрсетілген. Орындау шарттарын өрескел бұзу өз кезегінде тағайындалған негізгі жаза құқық бұзушының түзелуіне тиісті деңгейде әсер ете алмайтындығын және өзге ауыр жаза түрлерімен ауыстыру арқылы жазаның мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Алайда, қосымша жазаларды орындау тәртібінің талаптарын сақтамау салдары белгілі бір жауаптылыққа алып келмейді. Жауаптылық тек жазаны өтеуден жалтару жағдайында орын алады. Осы негізде, мемлекет тарапынан құқық бұзушыға әсер ету тетігі әлсірейді. Жауаптылықтың болмауы өз кезегінде жазаны орындауда қадағалауды төмендетуге алып келеді.

Аталған олқылықты жою жөніндегі ғалымдардың көзқарастарын екі топқа бөлуге болады. Бірінші көзқарасты ұстанушылар қосымша жазаның өтелмеген бөлігін айыппұлға ауыстыруды ұсынса, екінші көзқарасты ұсынушылар сот үкімін орындамау бойынша арнайы қылмыстық жауаптылыққа тартуды ұсынады.

Қылмыстық заңнама белгілі бір лауазым немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, бас бостандығынан айыру және бас бостандығын шектеу жазалары айлармен және жылдармен белгіленетіні көрсетілген. Сонымен қатар, есепке алу сәттерінде жазаны ауыстыру, жазаларды біріктіру жағдайларында бұл мерзімдер тәуліктермен де айқындалуы мүмкін.

А.С. Морозованың пікірінше ҚАК-де белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындаудан жалтаруды нақты анықтайтын түсініктің болмауы, сондай-ақ бұл жазаның бас бостандығынан айырумен ауыстырылуының құқықтық салдары да реттелмеген. Бұл жағдай жазаның тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Себебі, тәжірибелек тұрғыда осындай жағдайлар орын алып, жазасын өтеу

барысында соттың қойған тыйымдарын бұзып, тыйым салынған қызметпен айналысуды жалғастырады [47, 150 б.].

Аталған жазаны ауыстыруға қатысты тиісті заңнамалық механизмдердің болмауы, пробация қызметінің жазаның мақсаттарына жетуін қамтамасыз етуді қиындатады.

А.В. Кафиатулинаның көзқарасы бойынша «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаудағы үлкен мәселе – белгілеген тыйымдарды бұзған жағдайда сотталған адамға ықпал ететін тетіктердің болмауы және теріс салдарының туындамауы. Бұл өз кезегінде есепте тұрған адамда жазаланбай қалу сезімін тудырып, нәтижесінде жаңа қылмыстардың жасалуына әкеледі. Сотталған адамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысу құқығынан айыру жазасын өтеуден қасақана жалтарғаны үшін жауапкершілікті белгілеу қажет. Мұндай жауапкершіліктің негізгі нысаны тағайындалған жазаны бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру болуы тиіс. Бұл, бір жағынан, сотпен белгілеген белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға тыйымды толық жүзеге асыруға, екінші жағынан, сот шешімдерінің орындалуын күшейтуге мүмкіндік береді. Тағайындалған жазаларды ауыстыру кезіндегі жаза түрлерінің сәйкестігі мәселесін сот істің барлық мән-жайларын ескере отырып шешуі тиіс.

Мәселені шешу жолында белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу жазасын орындаудан қасақана жалтару деп осы салада әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін қайталанған әкімшілік құқық бұзушылық жасау дерегі, сондай-ақ тағайындалған жазаның орындалуын бақылау жөніндегі мамандандырылған органнан осындай қызметпен айналысу дерегін қасақана жасыру фактісі танылуы қажет. Бұл шара сот шешімдерінің орындалуын күшейтуде, тыйымдарды жүйелі түрде бұзудың алдын алуды және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етеді» [48, 12 б.].

А.В. Кафиатулинаның бұл мәселе жөніндегі көзқарасы мен ұсынған шешім жолдары өзектілігімен ерекшеленіп, ғылыми және практикалық тұрғыда назар аударуға тұрарлық. Автордың пікірінше, аталған шараны жүзеге асыру барысындағы бақылау мен қадағалауға қатысты нақты әрі тиімді заңнамалық механизмдердің жоқтығы – құқықтық жүйеде айтарлықтай олқылық болып табылады. Мұндай олқылықтар, өз кезегінде, шығарылған сот үкімдерінің толыққанды орындалуына кедергі етеді.

Дегенмен, тағайындалған белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру шарасын өзге жаза түрімен ауыстыру жөніндегі ұсынысы нақты талдауды қажет етеді. Себебі, аталған шараның тағайындалу негізіне байланысты алдағы уақытта сол қызметті пайдалану арқылы өзге қылмыс жасамауының мақсатында тағайындалады. Ал, тағайындалған шараны өзге жаза түрімен ауыстыру қылмыстық заңның мақсатына жетуге шектеу болады.

ҚР ҚАК-нің 74-бабына сәйкес, жазаны орындаудан жалтару жағдайы белгілі бір жауаптылыққа алып келетінін көрсеткен. Сот үкімін орындамау

бойынша отандық қылмыстық заңнаманың 430-бабында (Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау) жауаптылық белгіленген.

Алайда, аталған жауаптылық жазаны орындау тәртібіне қарасты міндеттерді бұзуға байланысты қолданылуға жатпайды. Тиісінше, жауаптылықтың жоқтығы сотталғаның жазаланбай қалу сезімін және жазаның орындалуын қадағалаушы органың қызметін орындауына кедергі тудырады.

Осы негізде, бірінше міндеттерді орындамауын тану туралы заңнамалық ұғыммен оның белгілерін қылмыстық атқару заңнамасына бекіту қажет.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталған адам: 1) пробация қызметіне өз жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ олардың өзгеруін немесе жұмыстан босатылғанын хабарлауға міндетті; 2) пробация қызметінің шақыруы бойынша белгіленген уақытта келуге тиіс.

Зерттеліп отырған шараны өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы трансформациялау сәтінде жоғарыда аталған проблемаларды жою жолында, заң нормаларына өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді қажет етеді.

Осы ретте, сотталған адамның жоғарыда аталған міндеттерді орындамауы шараны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу деп, ал сотталған адамның аталған шараның өтеу тәртібі мен шарттарын бір жыл үшінде қайта бұзуын және тыйым салынған қызмет түрімен айналысуы шараның орындалу талаптарын қаскөйлікпен бұзған деп тану қажет.

Сонымен қатар, қылмыстық жауапкершілік мәселесіне қатысты, біз тек жазадан жалтару жағдайларын ғана емес, сонымен бірге қолданылған шараны шараның орындалу талаптарын қаскөйлікпен бұзу деректерін де ескеруді маңызды деп санаймыз. Бұл тәсіл құқықтық тәртіпті нығайтып, сотпен тағайындалған шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құқықтық құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Одан бөлек, зерттеліп отырған жазаның жүзеге асу уақыты басқа қылмыстық ықпал ету шараларынан ерекшеленеді. Қылмыстық кодекстің 50-бабының 4-бөлігіне сәйкес, бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға қосымша жаза ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол негізгі жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі бас бостандығынан айыру, қамаққа алу өтелген кезден бастап есептеледі. Жазаның басқа негізгі түрлеріне қосымша жаза түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

Сонымен қатар, егер сот ҚК-нің 72-бабына сәйкес, егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын

болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Дегенмен, жазаның белгілі бір бөлігін өтеу мерзімінен бұрын босатудың негізгі шарттарының бірі болып табылғанымен, қосымша жоғарыда талқылап өткен ережелерін сақтау мәселесі де қаралуға жатады.

ҚК-нің 73-бабына сәйкес, онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, ол қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген не жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін. Бұл ретте адам, өмір бойына тағайындалған жазаларды қоспағанда, жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

ҚК-нің 72 және 73 баптарын салыстырғанда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде өмір бойына тағайындалған жазалардың негізгі талаптар тізіміне кірмейтіні байқалады. Өз кезегінде өмір бойына белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шарасы тағайындалған құқық бұзушы ҚК-нің 72-де көрсетілген талаптарын сақтаған жағдайда, жазаның қосымша түрінде өмір бойына тағайындалған жазаны өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Алайда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес, егер сот үкімімен негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, негізгі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде, соттар сотталған адамды қосымша жазадан да толық немесе ішінара босату мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға тиіс.

ҚК-нің 72 және 73-баптарының ережелерін қолданған кезде адамдар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жазадан босатылмайды [46].

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары ҚР ҚК-нің 1-бабына сәйкес, қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылғанымен, нормативтік қаулы ҚК-те көрсетілмеген шектеуді қамти алмайды.

Дегенмен, аталған шектеу қайта қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алуға және көлік құралын басқару құқығына тыйым салынған жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік береді.

Осы негізде, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың талаптарына Жоғарғы соттың 72 және 73-баптарының ережелерін қолданған кезде адамдар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жазадан босатылуға жатпайтындығына қатысты ұстанымын қосу қажет деп санаймыз.

Одан бөлек, қылмыстық және әкімшілік жазалардың орындалуы жағынан бір-бірін сіңіре алмайтыны анық. Дегенмен, әкімшілік жауапкершілік заңнама мақсаттарына қол жеткізу үшін аталған шара құқық бұзушының құқықтарын шектеу құралы болып табылады. Осы негізде, екі жауаптылықтың объектісі бір болуына байланысты, орындалу мерзімі құқықтық реттеуді қажет етеді.

Мысалы, егер адам әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін көлік құралдарын басқару құқығынан белгілі бір мерзімге — атап айтқанда, кемінде алты айдан бастап он жылға дейін — айырылған болса және сол әкімшілік жазасын өтеу кезеңінде қылмыстық құқық бұзушылық жасап, ол үшін де аталған шектеде жауаптылыққа тартылса, онда екі түрлі сипаттағы жазаның орындалу тәртібі бойынша заңнама шеңберінде бірқатар сұрақтар туындайды.

Қолданыстағы құқықтық нормаларға сәйкес, әкімшілік жауаптылық пен қылмыстық жауаптылық — әртүрлі сипаттағы құқықтық салалар болып табылады. Осыған байланысты, екі жаза бір-бірінен тәуелсіз орындалады.

Л. Ларинаның пікірінше «сот көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның мерзімін анықтау кезінде үкім шығарылған сәтке дейін әкімшілік тәртіппен көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімінің өтелген бөлігін ескеруі тиіс деп санаймыз. Басқаша айтқанда, әкімшілік жазаның бір бөлігінің орындалуы қылмыстық жазаны жеңілдету үшін негіз болып табылады» [42, 218 б.].

Жазаны орындауды кейінге қалдыру бөлігі бойынша:

Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас балалары бар сотталған әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін.

Бірақ жазаны өтеуді кейінге қалдыру немесе шартты түрде соттау кезінде белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, оның орындалу мерзімі үкімнің заңды күшіне енген уақытынан бастап есептеледі.

Одан бөлек, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оны өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндегінен айыратын психикасының бұзылуы пайда

болған адамды сот ҚК-нің 75-бабына сай жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай тұлғаларға сот қылмыстық заңнамаға сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін. Ал қылмыстық жазадан босатылған құқық бұзушылар сауыққан жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтпесе, олар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жазалануы мүмкін.

Сонымен қатар, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату ҚК-нің 78-бабының және ҚК 2022 жылғы 2 қарашадағы «Рақымшылық жасау туралы» заңының негізінде жүзеге асырылуға жатады.

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату сәтінде негізгі және қосымша жазалардан босатылуы мүмкін.

Дегенмен, қолданылуына қарай 2021 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабы 4-тармағына сәйкес, жасағаны үшін қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделетін, соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша сот негізгі жазадан босатады [50].

Өмір бойына белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалған кезде, орындалуы тек негізгі жазадан босатумен жүзеге асырылуы тиіс деп есептейміз. Осы негізде рақымшылық туралы заң толықтыру жасауды қажет етеді.

Одан бөлек, сотталғандық мәселесіне келетін болсақ, ҚР ҚК-нің 79-бабына сәйкес, егер соттың үкімі бойынша адамға негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, онда сотталғандықты жою мерзімі негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалған жағдайларда, онда сотталғандықты жою мерзімі жазаның негізгі түрін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Шетел мемлекеттерімен берілген көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының орындалуы:

Қазақстан Республикасы қылмыстық сот өндірісі саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа белсенді түрде қатысады, бұл түрлі халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылуымен дәлелденеді. Еліміз 11 көпжақты конвенцияға мүше болды, олардың 8-і қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және экстрадиция мәселелерін шешуге бағытталған, ал 3-і сотталған тұлғаларды беру тәртібіне қатысты.

Көпжақты келісімдерге қатысудан бөлек, Қазақстан қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы екіжақты шарттарды Біріккен Араб Әмірліктері, Испания, Чехия, Болгария, Румыния, Италия, АҚШ, Монако, Венгрия, Ұлыбритания, Үндістан және Иран сияқты елдермен жасасты. 2015 жылы Қазақстан сондай-ақ қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы Америкааралық конвенцияға қосылды, оның қатысушыларына Америка құрлығының 27 мемлекеті кіреді [51].

Соңғы жылдары Қазақстанның қылмыстық сот төрелігі саласындағы халықаралық құқықтық өзара әрекеттесу географиясы айтарлықтай кеңейді. Егер бұған дейін осы саладағы шарттық қатынастар тек 20 мемлекетпен орнатылған болса, қазіргі уақытта олардың саны 59-ға жетті. Бұл Қазақстанның халықаралық құқықтық ынтымақтастық жүйесіне жоғары деңгейде интеграцияланған және қылмыстық-құқықтық қолдану саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін нығайтуға ұмтылатынын көрсетеді.

Қылмыстық-құқықтық шаралар тек ұлттық заңнамалар аясында ғана қолданылмайды. Осылайша, қылмыстық-құқықтық ықпал ету тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, халықаралық құқықтық кеңістікте де реттеледі.

Отандық заңнамаға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып шетел азаматтары да табылуы және көлік құралдарын басқару құқығы өзге мемлекеттермен берілуі мүмкін.

Республикадағы соттарының шешімдері, оның ішінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасын тағайындау туралы шешімдері шетел мемлекеттерімен орындалу тәртібі екіжақты және көпжақты халықаралық келісімдер мен конвенциялар арқылы реттеледі. Бұл құжаттар әр мемлекеттің сот шешімдерін өзара тану және жүзеге асыру тәртібінде жүзеге асырылады.

Мәселен, 67 мемлекетте ратификацияланған 2009 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол Жүрісі туралы конвенциясын ратификациялау туралы» № 237-IV ратификациялау Заңының 42-бабында жүргізуші куәліктерінің қолданылуын тоқтату мәселесі қарастырылған.

Уағдаласушы Тараптар немесе олардың аумақтық бөлімшелері олардың аумағында олардың заңнамасына сәйкес жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айыру көзделген ережелерді жүргізуші бұзған жағдайда оны олардың аумағында ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айыра алады. Бұл жағдайда жүргізушіні жүргізуші куәлігін пайдалану құқығынан айырған Уағдаласушы Тараптың құзырлы органы немесе оның аумақтық бөлімшесі:

1) жүргізуші куәлігін алып және осы куәлік алынған мерзім өткенге дейін, немесе жүргізушінің осы аумақтан шығу сәтіне дейін қай мерзім бірінші болатынына байланысты оны ұстай алады;

2) жүргізуші куәлігін берген немесе оның атынан берілген органға осы куәлікті пайдалану құқығынан айыру туралы хабарлай алады;

3) егер сөз халықаралық жүргізуші куәлігі туралы болса, осы үшін арнайы көзделген орынға көрсетілген жүргізуші куәлігінің осы аумақта жарамды болуы тоқтағаны туралы белгі қоя алады;

4) ол осы тармақтың «1» тармақшасында айтылған рәсімді қолданбаған жағдайда, «2» тармақшасында айтылған хабарламаға қосымша жүргізуші куәлігін берген немесе оның атынан берілген органнан оған қатысты қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаға хабарлауды сұрай алады.

2. Уағдаласушы Тараптар мүдделі тұлғаларға осы баптың 1-тармағының «2» тармақшасында көзделген рәсімге сәйкес оларды хабарланатын шешімдер туралы хабардар етуге талпынатын болады.

3. Конвенцияның бірде-бір ережесі ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі бар жүргізушіге оның жай-күйі қозғалыс үшін қауіп төндірмей көлік құралын жүргізе алмайтыны көрініп тұрса және дәлелденсе немесе егер оның әдеттегі тұрғылықты жері бар мемлекетте ол жүргізу құқығынан айырылған болса, уағдаласушы тараптарға немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне оның автомобиль басқаруына тыйым салуға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс [52].

1995 жылғы 30 мамыр Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» № 2309 Жарлығы, Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы, бұдан былай Шарт жасасушы Жақтар деп аталатындар, заң қатынастары саласында қарым-қатынас орнату мақсатымен тәуелсіздікті құрметтеу және өзара келісушілік негізінде бір-біріне азаматтық және қылмыстық істер жөнінен заң көмегін көрсетуді шешті және осы мақсатта төменде көрсетілгендер туралы келісімге келді.

Шарттың 20-бабына сәйкес, шарт жасасушы жақтардың бірінің сотының екінші шарт жасасушы жақ сотының шешімдерін мойындау және орындау осы Шарт жасасушы Жақ сотының шешімдерінің мойындалуы және орындалуы бірдей күшке ие [53].

Осы негізде, мемлекеттер арасындағы жасалған шарттар Қазақстан Республикасы сотымен құқық бұзушыға қатысты көлік құралын басқару құқығын айыру шарасы Қытай Халық Республикасында орындалуға жатады. Мұндай шарттар сот шешімдерінің орындалуын жеңілдетеді және құқықтық ынтымақтастықты нығайтады.

Егер нақты мемлекетпен осындай халықаралық келісімдер болмаса, онда сот үкімдерін тану және орындау тиісті мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жағдайда отандық соттың шешімін тану және орындау туралы өтініш тиісті елдің құзыретті сотына немесе уәкілетті органына беріледі.

Осылайша, Қазақстан соттарының үкімдері халықаралық құқықтық механизмдер мен әр елдің заңнамасына сәйкес орындалады, ал олардың нақты іске асырылуы мемлекеттер арасындағы келісімдерге байланысты болады.

ҚК-нің 346-бабының диспозициясына сәйкес, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беру, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің не иеленушісінің жол беруі қылмыстық жауаптылыққа тартуға алып келеді. Бұл жағдайда қылмыс субъектісі ретінде көлік құралын басқару құқығынан уақытша айыру түріндегі әкімшілік немесе қылмыстық жазаға тартылған тұлғалар қарастырылады.

Жоғарыда өткізілген талдау нәтижесінде, қылмыстық және әкімшілік жазалардың орындалуы жағынан бір-бірін сіңіре алмайтыны анық. Дегенмен, әкімшілік жауапкершілік заңнама мақсаттарына қол жеткізу үшін аталған шара құқық бұзушының құқықтарын шектеу құралы болып табылады. Осыған байланысты, екі жауаптылықтың объектісі бірдей болғандықтан, қылмыстық жазаны өтеу кезінде әкімшілік жазаның өтеу мерзімдері қатар түрде өтуі керек деп есептейміз.

Сонымен қатар, жазаны шартты түрде мерзімінен бұрын босатуда қосымша жазаларға қатысты мәселелерді шешуде және заң нормаларын үйлестіру тұрғысынан қолданыстағы қылмыстық заңнамаға келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

ҚК «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату» 72-бабының 1-бөлігіне толықтыру ұсынылады:

Бұл ретте адам, өмір бойына тағайындалған жазаларды қоспағанда, жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Аталған толықтыру қайта қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алуға және көлік құралын басқару құқығына тыйым салынған жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға, сонымен қатар, қылмыстық заңнаманың өз міндеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Одан бөлек, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаның өтеу тәртібі мен шарттарын бұзуды тану негізінде қолданыстағы қылмыстық атқару заңнамаға келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

ҚАК «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу» 74-1-бабымен толықтыру ұсынылады:

1. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету

шарасын өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу деп ҚАК-нің 74-бабының 1-бөлігінде көрсетілген міндеттерді сотталған адамның орындамауы танылады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін қылмыстық-атқару инспекциясы сотталған адамға ресми ескерту береді.

2. Егер ресми ескерту жасалған күннен бастап бір жыл ішінде сотталған адам белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын өтеу тәртібі мен шарттарын қайта бұзбаса, ол өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзған деп танылады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын өтеуден қасақана жалтарған сотталған адам, жазаны орындау тәртібі мен шарттарын қаскөйлікпен бұзатын тұлға деп танылады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын сотталған адам, егер жазаны орындау тәртіптерін қасақана бұзса немесе жалтарса, РҚ ҚК-нің 430-бабына сәйкес жауаптылықта болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған жұмыста біз өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының бірі ретінде көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасының ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, бұл шараның қылмыстық заңнама мақсатына қол жеткізудегі мүмкіндігін ескере отырып, отандық құқық ғылымында аталған институттың дамуына өз үлесімізді қосуға тырыстық.

Көлік құралын басқару құқығынан айыру – өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте тиімді құрал болып табылады. Алайда, бұл институтты дамыту үшін ең алдымен оның ұғымына тереңірек тоқталуды қажет етеді. Зерттеу барысында анықталған сипаттар мен ғылыми көзқарастарды талдай отырып, осы институттың ұғымын келесі түрде тұжырымдадық: «Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және қылмыстық заңда көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты құқықтары мен бостандықтарынан қылмыстық заңда көзделген негіздерде шектеу болып табылады» [4].

Одан бөлек, тарихи тәжірибені талдау нәтижесінде қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары нақты уақыт жағдайларымен және қоғамның даму деңгейінің тығыз байланыстылығын көрсетті. Және қолданыстағы заңнамадағы аталған шараның бірнеше ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қылмыстық заңнамада көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы тек жазалау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шарасы ретінде де қолданылатыны көрсетілген. Бұған қоса, бұл шара тыйым салу аспектісінде де маңызды рөл атқаратындығын көрсетті.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы жүргізуші куәлігін алу мүмкіндігін шектеуге бағытталған. Шара алдағы уақытта жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда көлік жүргізу куәлігін алуға тыйым салу мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Яғни, шара тек тиісті құқықтан айырудан бөлек, оны белгіленген уақыт аралығында алуға тыйым салудан тұрады. Аталған механизм негізінде көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салу шарасы жұмыс атқарады.

Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының заман талабына сай әсер ету механизмінің болуы, шараның басты мақсаты болып табылады. Өз

кезегінде қоғамның даму үрдісінде қылмыстық заңнаманың алдындағы міндеттерін толық әрі нақты жүзеге асырылуына аталған шараны жаза бөлігінен шығарып, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қатарына трансформациялауды қажет ететіндігін көрсетті.

Шетел тәжірибесіне жасалған талдау құқық бұзушыға қылмыстық ықпал ету шараларымен қатар, техникалық құрылғыларды қолдану арқылы қылмыстың қайталанауының алуда озық әрі сыналған тәжірибесі бар екендігін және салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесі шараны орындау бөлігінде отандық заңнаманы жетілдіруге қажетті тәжірибелер бар екендігін көрсетті.

Атап айтқанда, тағайындалған шара талаптарын бұзу кезінде өзге жазамен ауыстыру немесе жалтару жағдайында арнайы қылмыстық жауаптылыққа тартумен ерекшеленеді. Бұл елдердің озық тәжірибесі құқық бұзушылықтардың қайталануын азайтуға және қылмыстық заңнаманың мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Сонымен қатар, техникалық құрылғыларды пайдалану тұрғысынан «Ішімдік деңгейін анықтайтын құрылғымен көлік құралын блоктау жүйесін орнату міндеттемесін» АҚШ, Германия, Нидерланд, Франция, Финляндия, Жапония және Швеция мемлекеттерінің тәжірибесін, еліміздің аталған құқық бұзушылықтармен күрес тәжірибесінде енгізу ұсынылады.

Дегенмен, шет елдердегі жауаптылық түріндегі міндеттеме емес, көлік құралдарына қойылатын міндетті техникалық талаптардың қатарына енгізу ұсынылады.

Өз кезегінде, міндетті техникалық талап – тек құқық бұзушылықтың салдарымен күрес қана емес, сонымен бірге оның алдын алу бағытында да тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Одан бөлек, ҚК-нің 68-бабының негізінде құқық бұзушы жәбірленушілермен татуласқанына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Осы негізде, іс әрекетімен көлік құралын басқару құқығынан айырылуға жататын тұлғалар жауаптылықтан босатылуына сәйкес көлік құралдары мен жолдар жоғары қауіптілік көзіне жатқызылуына қарамастан көлік құралдарын басқарып, жол жүрісіне қауіп төндіреді. Тиісінше қылмыстық заңнама мақсатына жете алмады деген тұжырымды қалыптастыруға болады.

Аталған кемшіліктер қылмыстық заңнамада жазаның қолдану аясының шектелгендігінен орын алады. Ал, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын қолдану аясының кеңдігі аталған кемшілікті жоюға мүмкіндік береді.

Мысалы, ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігінде қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмағандарға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылатыны айтылған. Осыған ұқсас, көліктегі қылмыстар бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қатарына

көлік құралын басқару құқығынан айыруды қолдану, тәжірибеде туындайтын олқылықты шешуге мүмкіндік береді.

ҚК-нің 68-бабының атауын «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату» мәтініне өзгерту және аталған бапты 3-1-бөлігімен толықтыру ұсынылады.

Бап мәтінінде: «Қылмыстық жазадан босату кезінде көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығына тыйым салу шарасы қолданылады».

Аталған толықтыру қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазадан босата отырып, қылмыстық заңның мақсатына жету үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шараны тағайындау бөлігіне қатысты жүргізілген талдау төмендегіні көрсетті. Яғни, шараны тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін екендігі. Сондай-ақ тағайындалған шара сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескерілу қажет ендігі және ҚК-тің Жалпы бөлімінде көзделген жағдайларда жауаптылықтан немесе жазадан босатылған адамға қатысты тағайындалуы мүмкін екендігін көрсетті.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде белгіленген мақсаттарға жету үшін қойылған барлық міндеттерді жүйелі түрде шешу арқылы қол жеткізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 07.03.2025).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 1997 жыл 16 шілдеі N 167 [Электрондық ресурс] – айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167> (жүгінген күні 07.03.2025).
3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы: 2021 жыл 15 қазан № 674 [Электрондық ресурс] – айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүгінген күні 07.03.2025).
4. Н.Т. Есқалы Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері / Н.Т. Есқалы // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика. — Астана : Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы, 2024. — С. 279-284. [Электрондық ресурс] электронды журнал сайты – айналыс режимі: <https://academy-rep.kz/uploads/983-8437c32a18fe0f233ae3a3a28dedf4b4.pdf>. (жүгінген күні 07.03.2025).
5. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге өтемақы қоры мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы: 2018 жыл 10 қаңтар № 132-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] – айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000132> (жүгінген күні 07.03.2025).
6. Нурболатов А.Н. Иные меры уголовно-правового воздействия за совершение преступлений: учебное пособие / А.Н. Нурболатов — Алматы: «Қазақ университеті» 2014. 312 с.
7. Корнеев С.А. Уголовная ответственность и иные меры уголовно-правового характера в структуре уголовно-правового воздействия: специальность 12.00.08 «уголовное право и криминология; уголовно-исполнительное право»: Диссертация на соискание кандидата юридических наук / С.А. Корнеев; Федеральное Казенное образовательное учреждение высшего образования «Академия права и управления федеральной службы исполнения наказания». — 2021, Рязань. — 184 с.
8. Байсеитова А.Т. Меры уголовно-правового воздействия в истории уголовного права / А.Т. Байсеитова / Салык Зиманов: Ученый, гражданин, общественный и государственный деятель // Материалы республиканской научно-практической конференции. — Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, — 2021, 235-238 с.

9. Серебренникова Анна Валерьевна Кузнецов Андрей Юрьевич Мустафазаде Ровшан Шахин Оглы Система и функции иных мер уголовно-правового характера в российском уголовном праве / Серебренникова Анна Валерьевна Кузнецов Андрей Юрьевич Мустафазаде Ровшан Шахин Оглы // Союз криминалистов и криминологов — 2021. — № 3. — С. 91-96.

10. Пак Татьяна Александровна Иные меры уголовно-правового характера: специальность 40.04.01 «Юриспруденция»: Диссертация на соискание магистра юридических наук / Пак Татьяна Александровна; Министерство образования и науки Российской Федерации Национальный исследовательский Томский государственный университет (НИ ТГУ) юридический Институт. — Томск, 2017. — 100 с.

11. Матвеева Ксения Олеговна Судебный штраф как иная мера уголовно-правового характера: специальность 40.04.01 «Юриспруденция»: Диссертация на соискание магистра юридических наук / Матвеева Ксения Олеговна; Министерство образования и науки Российской Федерации Национальный исследовательский Томский государственный университет (НИ ТГУ) Юридический Институт. — Томск, 2018. — 69 с.

12. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: 2014 жыл 4 шілде № 231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 07.03.2025).

13. Николай Хавронюк Экспертный комментарий к Концепции проекта Уголовного кодекса Республики Казахстан и проекту Уголовного кодекса Республики Казахстан / Николай Хавронюк [Электронный ресурс] // online.zakon.kz: [сайт]. — URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31281852&pos=3;-110#pos=3;-110 (дата обращения: 16.04.2025).

14. Гребенкин, Ф. Б. Понятие, признаки и виды иных мер уголовно-правового характера / Ф. Б. Гребенкин // Системность в уголовном праве. Материалы II Российского конгресса уголовного права. — 2007. — № 4. — С. 126 -130.

15. Ветошкин Сергей Александрович Институт иных мер уголовно-правового характера: проблемы и перспективы развития [Текст] / Ветошкин Сергей Александрович // *Matters of Russian and International Law*. — 2017. — № 7. — С. 111-123.

16. Васильев Владислав Андреевич Освобождение от уголовной ответственности с назначением уголовного штрафа: специальность 40.04.01 «юриспруденция»: Диссертация на соискание магистра юридических наук / Васильев Владислав Андреевич; Министерство образования и науки Российской Федерации Национальный исследовательский Томский государственный университет (НИ ТГУ) Юридический Институт. — Томский, 2021. — 86 с.

17. Скрипченко, Нина Юрьевна Теория и практика применения иных мер уголовно-правового характера к несовершеннолетним: специальность 12.00.08 «уголовное право и криминология; уголовно-исполнительное право»: Автореферат на соискание доктора юридических наук / Скрипченко Нина Юрьевна; ФГБОУ ВПО «Российская академия правосудия». — Москва 2013. — 45 с. [Электрондық ресурс] электронды диссертация сайты – Айналыс режимі:

<http://dlib.rsl.ru/rs101005000000/rs101005057000/rs101005057865/rs101005057865.pdf> (жүгінген күні: 07.03.2025).

18. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Салалық статистика Көлік / Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі [Электронный ресурс] // stat.gov.kz : [сайт]. — URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-transport/?utm_source=chatgpt.com (жүгінген күні: 07.03.2025).

19. В.И. Кузнецов Трансформирование системы уголовных наказаний как метод совершенствования уголовно-исполнительной системы Российской Федерации [Текст] / В.И. Кузнецов // Вестник Пермского института ФСИН России. — 2022. — № 1(44). — С. 57-63.

20. Власова, Е. А. Понятие системы наказаний в уголовном праве России [Текст] / Е. А. Власова // MODERN SCIENCE. — 2024. — № 1-1. — С. 7-11.

21. А. В. Звонов Понятие системы уголовных наказаний: авторский взгляд [Текст] / А. В. Звонов // Криминологический журнал. — 2023. — № 2. — С. 55-60.

22. 1959 жылғы 22 шілдедегі ҚазССР Қылмыстық кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004273&pos=3;-103#pos=3;-103 (жүгінген күні: 07.03.2025).

23. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы туралы» / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P110000003S> (жүгінген күні: 16.03.2025).

24. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S> (жүгінген күні: 16.03.2025).

25. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 маусымдағы N 48-IV Заңы «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» / Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 маусымдағы N 48-IV Заңы [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000048> (жүгінген күні: 16.03.2025).

26. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» / Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> (жүгінген күні: 16.03.2025).

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 617 қаулысы «БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы» / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 617 қаулысы [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000617> (жүгінген күні: 16.03.2025).

28. Strafgesetzbuch (StGB): nichtamtliches Inhaltsverzeichnis / [Online verfügbar unter] // www.gesetze-im-internet.de: <https://www.gesetze-im-internet.de/stgb/index.html#BJNR001270871BJNE011105123> (Zugriff am: 16.04.2025).

29. Kodeks karny. System Informacji Prawnej LEX – [Elektroniczny zasób]// sip.lex.pl: [сайт]. — URL: <https://sip.lex.pl/akty-prawne/dzu-dziennik-ustaw/kodeks-karny-16798683> (dostęp: 16.04.2025).

30. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 года № 63-ФЗ / Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 года № 63-ФЗ [Электронный ресурс] // online.zakon.kz: [сайт]. — URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397073 (дата обращения: 16.03.2025).

31. «Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации» от 08.01.1997 N 1-ФЗ / «Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации» от 08.01.1997 N 1-ФЗ [Электронный ресурс] // www.consultant.ru: [сайт]. — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_12940/ (дата обращения: 16.03.2025).

32. Уголовный кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127 / Уголовный кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 127 [Электронный ресурс] // cbd.minjust.gov.kg: [сайт]. — URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/3-38/edition/2087/ru> (дата обращения: 16.03.2025).

33. Уголовно-исполнительный кодекс Кыргызской Республики от 31 января 2017 года № 17 / Уголовно-исполнительный кодекс Кыргызской Республики от 31 января 2017 года № 17 [Электронный ресурс] // cbd.minjust.gov.kg: [сайт]. — URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/111528/edition/1285936/ru> (дата обращения: 16.03.2025).

34. Кримінальний кодекс України (Відомості Верховної Ради України (ВВР), 2001, № 25-26, ст.131) / КРИМІНАЛЬНИЙ КОДЕКС УКРАЇНИ (Відомості Верховної Ради України (ВВР), 2001, № 25-26, ст.131) [Электронный ресурс] // zakon.rada.gov.ua : [сайт]. — URL: <https://zakon.rada.gov.ua/laws/show/2341-14#Text> (дата звернення: 16.03.2025).

35. Уголовно-исполнительный кодекс Украины от 11 июля 2003 года № 1129-IV / Уголовно-исполнительный кодекс Украины от 11 июля 2003 года № 1129-IV [Электронный ресурс] // online.zakon.kz : [сайт]. — URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30418034 (дата обращения: 16.03.2025).

36. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 / Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 [Электронный ресурс] // continent-online.com : [сайт]. — URL: https://continent-online.com/Document/?doc_id=30414984#pos=6;-142 (дата обращения: 16.03.2025).

37. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Беларусь от 11 января 2000 года № 365-3 / Уголовно-исполнительный кодекс Республики Беларусь от 11 января 2000 года № 365-3 [Электронный ресурс] // online.zakon.kz : [сайт]. — URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30414827 (дата обращения: 16.03.2025).

38. Code pénal (version en vigueur au 16 mars 2025) / Code pénal (version en vigueur au 16 mars 2025) [Электронный ресурс] // www.legifrance.gouv.fr : [сайт]. — URL: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006070719/LEGI_SCTA000006089684/#LEGISCTA000006089684 (date de consultation: 16.03.2025).

39. А.А. Гусева Стратегическое планирование в области обеспечения безопасности дорожного движения на примере Шведского Королевства / А.А. Гусева // Современная наука. — 2024. — № 1. — С. 11 -14.

40. Шкеля Олег Викторович Об эффективности «алкозамка» для повышения уровня безопасности дорожного движения [Текст] / Шкеля Олег Викторович // Вестник Краснодарского университета МВД России. — 2016. — № 1(31). — С. 164-167.

41. Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ «Жол жүрісі туралы» / Қазақстан Республикасының Заңы 2014

жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ «Жол жүрісі туралы» [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000194> (жүгінген күні: 16.03.2025).

42. Ларина Л. Ю. Лишение права заниматься деятельностью по управлению транспортным средством за совершение преступления как средство обеспечения транспортной безопасности [Текст] / Ларина Л. Ю. // Вестник КГУ . — 2020. — № 4. — С. 216-221.

43. Борчашвили И.Ш., Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть) / Борчашвили И.Ш., [Электронный ресурс] // zakon.uchet.kz : [сайт]. — URL: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/T9700167_1 (дата обращения: 16.03.2025).

44. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 4. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 4. [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz: [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S> (жүгінген күні: 16.03.2025).

45. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгінген күні: 07.03.2025).

46. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі: 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. / 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. Қазақстан Республикасының Кодексі [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (жүгінген күні: 16.03.2025).

47. А. С. Морозова, Проблемы реализации наказания в виде лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью/ Морозова А. С. // Вестник КГУ . — 2024. — № 4. — С. 148-151.

48. Кафиатулина А. В. Лишение права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью: уголовно правовой и уголовно-исполнительный аспекты: специальность 12.00.08 «уголовное право и криминология; уголовно исполнительное право»: Автореферат на соискание кандидата юридических наук / Кафиатулина А. В.; Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Российский государственный университет правосудия». — Москва, 2019. — 32 с.

49. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015

жылғы 2 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы. [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz: [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000006S> (жүгінген күні: 16.03.2025).

50. Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы / Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII ҚРЗ [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000081> (жүгінген күні: 16.03.2025).

51. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 351-V ҚРЗ «Қылмыстық істер бойынша өзара көмек туралы Америкааралық конвенцияны ратификациялау туралы» / Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 351-V ҚРЗ [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000351> (жүгінген күні: 16.03.2025).

52. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 31 желтоқсандағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол Жүрісі туралы конвенциясын ратификациялау туралы» № 237-IV Заңы / Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 237-IV ҚРЗ [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000237> (жүгінген күні: 16.03.2025).

53. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 30 мамыр № 2309. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 30 мамыр № 2309. [Электронный ресурс] // adilet.zan.kz: [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002309> (жүгінген күні: 16.03.2025).